



16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!



КӨКЕЙКЕСТІ

Солтүстікті қазақыландырмасақ, шекара бойы жалаңаш қалады. Оның үстіне, бұл өңірде қазақ мектептерін емге таппайсыз. Мәселен, Мағжан Жұмабаев ауданында екі қазақ мектебі бар. Қалған қырыққа жуық білім шаңырағы орыс және аралас мектеп. Күнгейден келген ата-аналардың қиналып отырғаны да осы жай. Балаларын беретін қазақ мектебі аз. Аудан орталығындағы жалғыз қазақ мектеп-интернатында орын тапшы. Ол бар-жоғы жиырма шақты балаға арналған. Бұдан бөлек, теріскейде кейбір ауылдарда 80-90 бала ғана білім алатын мектептер бар, ал оларды оқыту үшін 45-50 мұғалімді мемлекет қаржысымен ұстауға мәжбүр. Кейбір сыныптарда 3-4 оқушыдан ғана сопайып отырады. Жауып тастауға тағы болмайды. Сондықтан, осындай арса-арса болып отырған елді мекендерді күнгейдегі ағайынмен толтырған абзал болар еді.


Теріскейге көшкен жұрт ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНЕ ЗӘРУ



(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)

ЭЛЕГИЯ

АҢСАДЫМ СЕНІ (ЭССЕ)



Екі көзім шексіздікке сарыла қадалып, қасымда тұрған Әлиді мүлде ұмытқан жанша, үнсіз мүлгіп: «Мына Әлекең не деп тұр... не деп? Көкейінде не бар? Нені айтты, жаңа? Алыстап кеткені кім?» – дедім, демімді ішке тартып. Әли ақсары жүзінде оймақтай ғана нұр ойнап: – Элегия... элегия – деп арқамнан қақты.

Кейін бұл «Элегия» теледидар мен радионың қызметкерлеріне екі-үш айдай гу-гу әңгіме боп, маған жоқ жерде айтқызып, қолқалаумен болды. Сондай сәттерде Әли маған ойлана қарап, әлдене айтқысы келіп, бірақ іштей іркіліп, сәл күлімсіреп кеп, оң жақ құлағын жүрегіме басады да жеңіл күрсініп, сол жымиған күйі ойланып, жөніне кете барады.

(Бұл туралы 6-7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
64,22

DOLLAR
384.63

EURO
428,14

РУБЛЬ
6,08

СҰХБАТ

Білім саласындағы бітпейтін дау әлі күнге жалғасып келеді. Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жастар жылының жабылу және Волонтер жылының ашылу салтанатында дипломды басып шығарып, тарата беретін мекемеге айналған жекеменшік жоғары оқу орындарына ең қатал шаралар қабылдануы тиістігін айтты. Шынында да, еліміздегі жоғары және кәсіптік-техникалық мамандар даярлауға қатысты түйткіл азаймауда. Айталық, бүгінге шейін бағалау жүйесінің тізбесіне енген 13 университет тексеріліп, 5 университеттің лицензиясы бір айға тоқтатылған. 12 жоғары оқу орнына айыппұл салынып, 1 университет бойынша іс сотқа жіберілген. Ал күні кеше тағы да 5 университеттің заң талаптарын бұзғаны анықталды.

Кезінде берілген мүмкіндікті басқаша пайдаланған азаматтар бас-басына білім ордасын ашқан. Оқу орындары тек ақша жинаудан басқаны ұмытып кеткендей. Әсіресе оңтүстік өңірде ауданда университет ашып алғандар бар. Осының барлығы білім сапасына әсер етіп, қазір бармақ тістейтін жағдайға жеттік. Өкінішке қарай, кез келген шешімінің арғы жағында студенттердің тағдыры тұрғаны қолында билігі бар азаматтарды да толғандырмаған. Мұндай кемшіліктер қазір қоғамға қаншалықты әсер етіп отыр? Білім сапасы шын мәнінде алаңдатарлықтай ма? Осы секілді сауалдарға жауап іздеп, біз Мәжіліс депутаты Бақытгүл Хаменованы сөзге тарттық.



БАҚЫТГҮЛ
ХАМЕНОВА,
Мәжіліс
депутаты:

БАЛАНЫҢ ШЫРАҒЫН ЖАҒА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

Jas qazaq: Сіз білім саласында ұзақ жыл қызмет істедіңіз. Бүгін болып жатқан жағдайдан хабарыңыз да бар. Реформаға қатысты көзқарасыңыз қандай?

Б.Хаменова: Менің ойымша, білім және ғылым министрлігін басқаруға осы саланың майын ішкен, тәжірибесі мол, елдің болашағы үшін қызмет етуге барын салатын, аса тәжірибелі әрі іскер адам керек-ак. Өмірдің өзі осыны талап етіп тұр. Егер бұған ерекше көңіл бөлмесек, әлі біраз жыл кенжелеп қалуымыз бек мүмкін. Ал уақыт болса ешкімді күтпейді. Зымырап барады. Онымен бірге жастар, ел ертені өсіп келеді. Міне, солардың болашағын ойлау үшін бас ұстаз саланың отымен кіріп, күлімен шығуы тиіс.

Еліміздегі шектен тыс көп білім ордалары бізді озық елдер қатарына қоса алмайды. 18 миллион тұрғынға 132 жоғары оқу орны мен 824 колледж деген көптік етеді. Бізге керісінше сапалы маман даярлайтын ықшамдалған оқу орындары қажет.

Jas qazaq: Осы мәселеге неге ертерек көңіл бөлінбеді? Өу баста біз не қажеттігін, не қажет еместігін екшелеп алғанда, жұмысымыз жемісті болар ма еді?

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

ҮШ ТАҒДЫР, ҮШ АЗАМАТ

Менің мақсатым – адамдарды аяғынан тік тұрғызу. Өйткені, протездің адамға қаншалықты қажет екенін мен жаныммен түсінемін. Отбасым бар, екі ұлдың әкесімін. Егер өз жұмысымнан ләззат алатын болсам ғана, сол салада ұзақ қызмет етемін. Қазіргі жұмысыма ризамын. Өйткені, аяққа протез кию, онымен жүріп, қоғамның бір мүшесі болудың қандай екенін жақсы білемін.



(Бұл туралы 4-беттен оқыңыз)

БАҒДАР

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Ащы термен келген төтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Сондықтан бұл күнді жырға қосқан, әдемі әнге айналдырғандар көп. Олардың әрқайсысы рухты көтереді, жаныңа дем береді. Сондықтан да болар бүгінгі күннен ертеңгі күннің нұрлы екені уақыт өткен сайын айшықталып келеді. Осындайда Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген жыры ойға оралады. Қазіргі аға буын да жастарға сенеді, үміт артады.

Осыған дейін біз таңғалатын оқиға көп еді. Мәселен, әлемге танылған Марк Цукерберг атақты Facebook компаниясының негізін қалағанда 19 жаста болған. Билл Гейтс Microsoft-ты ойлап тапқанда 20 жаста болыпты. Ал әлемге әйгілі Apple компаниясын құрғанда Стив Джобс 21 жаста көрінеді. Дәл осы жастағы талантты қазақ жастары да бой көрсете бастады. Мұндайды халқымыз «Ақыл – жастан, асыл – тастан» дейді. Демек, ел дамуының келешегі осы жастардың қолында. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері жастарға айрықша мән берді. Қиын кездерге қарамастан, «Болашақ» бағдарламасымен шетелдің ең үздік оқу орындарына талантты жастарды жіберді. Тегін оқытты. Осы бағдарламамен 14 мың жас білім алды. Ата-анасының көмегімен

оқығандарды қосқанда, олардың саны 20 мыңнан асады.12 мыңы елге оралып, отандық кәсіптің әр саласында еңбек етіп жүр. Жас буынның болашағын әрдайым қолдауды жөн көрген еліміз биыл Жастар жылын лайықты атап өтті.

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Жастар жылының жабылу және Волонтер жылының басталу салтанатында ел өркендеуіне үлес қосқан жастардың еңбегі ерекше аталды. Президент: «Елімізді одан әрі өркендету — қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Сондықтан, біз сіздерге зор үміт артамыз. Мемлекетіміздің келешегі

камтылды. Сондай-ақ «Жас кәсіпкер», «Жастар практикасы» және «Жас маман» жобалары «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына енгізіліп, қажетті қаржы бөлінді. Биыл «Президенттік кадр резерві» жасақталады.

Алдағы кезеңде мемлекеттік органдар жастарға қолдау көрсету үшін бірқатар міндеттерге баса назар аударуы қажеттігі де сөз болды. Осыған орай «Жастар саясаты туралы» жаңа кешенді бағдарлама жасалмақ. Келешекте барлық елді мекендердегі спорт және мәдениет нысандары жастарға қолжетімді болады. Әлеуметтанушылардың деректеріне қарағанда, мектеп бітірушілердің 20



АЩЫ ТЕРДІҢ ЖЕМІСІ

— өздеріңіз! Мен барша жастарды мақтан тұтамын» деді.

Жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасау — Президент ретіндегі басты міндетінің бірі екенін айтқан Қ.Тоқаев ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі екендігін жастарға құлаққағыс жасалды.

Иә, шын мәнінде жас ұрпаққа жанашырлық пен қолдау ұдайы жалғасып келеді. Мысалы, еліміздің ірі қалаларында жұмысшы жастарға 9 мың пәтер беру туралы шешім қабылданды. Биыл 5 мың азамат мемлекеттен грант алып, жас кәсіпкер атанған. Алдағы үш жылда олардың саны 30 мыңға дейін көбеймекші. «Дипломмен — ауылға», «Серпін» бағдарламалары сәтті іске асты. Қалада құрылыс отрядтары жанданып, 2 мыңдай студент жұмыспен

пайызы үйде отырып қалады. Аймақтағы жастар ресурсы орталықтарына қыз-жігіттердің 5 пайызы ғана барып кенес сұраған. Әрине, мұның барлығы келешегіне сеніммен қараған қыз-жігіттерге кедергі бола алмасы анық. Осы орайда 2020 жылдың Волонтерлер жылы деп жарияланғанын ескерсек, жастарға тағы да сенім артқалы отырмыз. Бұл — біздің ұлттық дәстүрімізге жақын бастама.

Волонтер жылы баршамызға, әсіресе жастарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Жастар мұқтаж жандарға көмек қолын созуға әрдайым дайын болуы керек. Сондықтан, халқымыздың «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген аталы сөзі жалымызда жүруі тиіс. Ащы тердің жемісі бізді әрдайым алға жетелейтін болады.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АПТАНЫҢ БЕС МЫСҚАЛЫ



16

әлеуметтік маңызы бар нысан Павлодарда бой көтерді

412

шақырым жол Ақмола облысында жөнделді

13 млрд

төңгеге жуық салық берешегін ел азаматтары өтеді

120

мемлекет Қазақстан тауарын тұтынады

43

пәтер ұрлығына қатысы бар қылмыстық топ құрықталды

Қуандық АЙМАҒАМБЕТОВ, Алматы қаласы әкімдігінің ыңғайлы қала ортасы басқармасының жетекшісі:

«Үйдің нормадан тыс сөл ауытқуы тұрғындар үшін қауіп төндіріп тұрған жоқ. Қарашаның 12-сі күні түскен шағым бойынша азғантай динамика байқалады. Сондықтан қазір барлығын анықтап жатырмыз. Кейін шешім қабылдаймыз. Жағдай қиындап кетсе, тұрғындарды көшіруді бастаймыз. Әзірге барлығы дұрыс».



Мерей БИНИЯЗОВ, Алматы қаласының тұрғыны:

«Басында «қисайды» деп қарап жүрдік. Кеше, алдыңғы күні үйдің қисайғаны қатты байқалды. Одан кейін түнде шығып қарасақ, қатты қисайғаны көрініп тұр. Үйде бөлмелердің есігі жабылмай, кейбіреуі айқара ашылып кетті. Асфальттан баспадақтар ажырады. Қорқыныш, үрей бар».

Әлеумет.t⁰



ҚОСЫМША САБАҚҚА ҚҰНЫҚҚАНДАР

Тағы да білім туралы жазғалы отырмыз. Қанша жазсақ та, тіпті жаза-жаза жауыр болса да, өзектілігі өлмейтін тақырып, бұл. Себебі білім — бүгінгі ұрпақтың, ертеңгі ұлттың тағдыры.

Мектептегі оқыту жүйесіне тоқталайық. Соңғы жылдары «Қосымша сабақ» деген пайда болды. Ата-аналардың бәрі біледі. Оның үстіне, кім баласының жақсы оқығанын қаламасын? Ұрпағының білімінен ақша аяған ата-ананы қазірше көрген де, естіген де емеспіз. Сондықтан «Қосымша білім артық етпес» деп, әуелде ешкім назар аудармады. Тіпті жұрт осы қосымшаның балаға не қосып, не алатынын толық түсінген де жоқ шығар? Көбі «Жұрттан қаламыз ба? Баламызға дұрыс білім берсе болды. Жақсы оқытса, ақша табылар», — деп, жаппай қосымшаға бере бастады. Бірақ қосымша оқып, білімі қосылған бала бар ма? Оқитын оқушы мектепте де оқиды. Ал қаушағында қаріп танитын қауқары болмаса, үстеме білімнен не қайыр?!

Қосымшаның жалпыласқаны соншалық, қазір ауыл мектептері де оқушыларын қосарлап әлгі қосымша дегенге беретін болған. Сонда олар сыныпта не оқиды? Мұғалімдері не оқытады? Қайсы күні баласының «қосымшасына» ақша тауып бере алмаған бір ата-ана: «Қосымшаға ақша төлеп оқытады екенбіз, онда мектептің не қажеті бар?», — деп күйініп отыр. Рас-ау, баламызды қосымшаға ақша төлеп оқытсақ, онда мектепке не үшін береміз? Мұғалімдер жарты сағат бойы балаларға не оқытады? Әлде баланың білімін саудаға айналдыра бастадық па?

Осы сұрақты редакциямызға хабарласқан ата-ананың өзіне қойдық.

— Менің күдігім басым — деді, әлгі азамат. — Өйткені, ұлымның апайы: Балаңызды қосымшаға беріңіз. Бірақ басқа мұғалімге емес. Пәленше деген апайға апарыңыз. Зейнетке шыққан адам. Уақыты көп. Тәжірибесі мол. Мен айтып қойдым. Басқалардай емес, көп сұрамайды, — деп өзінің танысына жіберді. Айтқан адамына бердім. Аптасына екі күн, жалпы 3 сағат оқытталы. Жарты жыл болды. Баламның оқу үлгерімінің жақсарып кеткенін байқаған жоқпын. Ал апайы болса «Балаңыз жалқау. Үйде дайындалмайды» — деп, кінәні өзімізге артты. «Бүйткен қосымшасы құрысын! Сіздерге не үшін ақша беріп оқыттым?» — деп ашуландым. Басқаны қойып, мектептегі оқуды ақшаға байлаған соң қалай онамыз?! — деп баламды шығарып алдым. Қазіргі ұстаздардың мақсаты — білім беру емес, танысына бала жіберіп ақша табу сияқты көрінді маған», — деп сөзін аяқтады.

Академик, математика ғылымдарының докторы Асқар Жұмаділдаев та қосымша сабақ туралы айтыпты. Ол қосымша сабақсыз, яғни мұғалімді жалдап оқытпай, оқушыға мектептегі білімді беру қиын болып бар жатқанын ескертіп, әлдебір БАҚ-қа сұхбат берген. Әлгі сұхбатында «Жалға сабақ беретіндер бар. Репетиторлардың дәурені жүріп тұр қазір. Бұл — біздің министрлік қасаған реформалардың «жемісі». Бұл — біз жүргізген реформаның жүйесіздігі. Анаған еліктеп, мынаған еліктеп, босқа далақтағанымыздан солай болды», — депті.

Академик айтса айтқандай бар, қазір репетиторлардың аузы арандай. Мәселен, бір сағаттың қосымша сабақтың құны ауылды жерде 1000 тенге болса, қалада — 1500-ден кем таппайсыз. Ақшаны бергеніңізбен, жалдамалы мұғалімді бақылап отырған ешкім жоқ. Сабақты қалай беріп жатыр? Мектептегі бағдарламадан артық бірдеме оқыта ма? Ол жағы белгісіз. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — мектеп білімінің қарашанырағы болып қалу керек. Қосымша сабақ деп білімді саудаға айналдырып, ұрпаққа қиянат жасап алмасақ болғаны!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Сөз-Жебе

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ, академик:



«Қазақ жапон көлігін мінгісі келеді, мініп те жүр. Бірақ жапон өлшемдерімен өмір сүруді ойламайды. Сол секілді америкалықтар құсап жалақы алғысы келеді. Алып та жүр. Топ-менеджерлер.

Бірақ америкалық өлшеммен елді дамытуға бастарын да қатырғысы келмейді. Бұл дұрыс емес нәрсе. Егер бір үрдісті алғыңыз келсе, оны толықтай, 100 пайыз енгізу керек. Біздің реформалардың ақсап жатқандығының бір себебі осында. Ана арадан бір жұлып, мына арадан бір жұлған шалағайлық бәрі. Одан түк шықпайды. Қазір Қазақстанда ең жемқор кәсіпті атаңыз десе, мұғалім мен дәрігерді айтады. Неге? Өйткені бүкіл жүргізілген реформа осы екі қастерлі мамандықты аяқ астына тастап жіберді».

Қызықтан қызықтары

«ТІРІЛЕР» ТІЗІМІНДЕ ЖҰР

Елордалық дәрігерлер қайтыс болған кісіні «тірі» деп хаттама толтырған. Бұл жағдай Nur Otan партиясының қоғамдық қабылдауында белгілі болды.



Шухрат Таджиддинов есімді ер адам ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаевтан көмек сұраған. Айтуынша, қалалық аурухананың біріне асқазаны ауырып жатқызылған әжесіне дәрігерлер араша бола алмаған. Дәрігерлер болса «науқасты үйіне тірі күйінде жібердік» деп хаттама толтырыпты. Ал, астаналық азамат ауруханадан әжесінің мүрдесін алып шыққанын дәлелдеумен әлек. Осыған байланысты талай мәрте арыз жазылған. Еш нәтиже жоқ. Министр бұл жағдайды өз бақылауына алатынын айтты.

Б.Хаменова: Мән берілді, айғайлап та айтылды. Бірақ нарық талаптарын ескермеу, ақылы оқудың соңына мықтап түсу осы деңгейге жеткізді. Қазір жекеменшік оқу орындарының саны 43 пайыз екен. Ондағы мыңдаған студенттің тағдырын бәріміз ойлауымыз тиіс еді. 191 мың ғана қыз-жігіт мемлекеттік тапсырыс аясында оқиды. Ал ақылы бөлімдердегі студенттерден қаншама қаражат жиналып жатқанын есептеп көрініз? Сан болғанымен, сапа мәз емес. Әсіресе түлектерді жұмысқа тұрғызу күрделі мәселе. Әрбір төртінші түлек жұмыссыз жүр. Сондықтан, осы салада жүргізіліп жатқан тексеруді өз басым колдаймын.

БАҚЫТГҮЛ ХАМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

БАЛАНЫҢ ШЫРАҒЫН ЖАҒА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

Осыған дейін 34 жоғары оқу орны, оның ішінде 22-і жоспардан тыс тексерілген. Сараптама көрсеткендей, көптеген ЖОО-ы заң талаптарын өрескел бұзған. Айталық, штат бірлігінің, тәжірибелі оқытушылар құрамының жетіспеуі, түлектерді жұмысқа орналастырудың нашарлығы, оқу бөлмелері мен жатақханалардың аздығы секілді кемшілік барлық жерде бар. Осыны ректорлар, директорлар жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ неге шешпеді? Айналып келгенде, барлығы жоғары білім стандартын ескермеуден шығады.

Өкінішке қарай, білім ордалары

Осыған дейін 34 жоғары оқу орны, оның ішінде 22-і жоспардан тыс тексерілген. Сараптама көрсеткендей, көптеген ЖОО-ы заң талаптарын өрескел бұзған. Айталық, штат бірлігінің, тәжірибелі оқытушылар құрамының жетіспеуі, түлектерді жұмысқа орналастырудың нашарлығы, оқу бөлмелері мен жатақханалардың аздығы секілді кемшілік барлық жерде бар.

белгіленген шектен төмен балл алған абитуриенттерді білімі туралы құжатына қарамастан, ҰБТ тапсырған сертификатын сұрамастан, оқуға қабылдаған жағдай ұшырасады. Қағаз талап қана осындайға жол бермейді.

Жас qazaq: Жоғары оқу орындарының лицензиясын уақытша тоқтату өз алдына, мүлде қызметі тоқтатылса, қандай зардабы болуы мүмкін?

Б.Хаменова: Лицензияны ешкім түбегейлі тартып ала алмайды. Ол тек соттын шешіміне байланысты. Бүгінде Мәжіліс қабырғасында әкімшілік кодекс қаралып жатыр. Бәлкім, білім және ғылым министрлігі өз ұсынысын айтса, болашақта ЖОО-ларға қатысты талап күшейетін болар. Бірақ, мен көп нәрсеге күмәнмен қараймын. Өйткені, біз жалтақпыз. Қазір ЖОО-ынан кемшілік анықтап жатырмыз делі ме? Ол қандай университет, ректоры кім, қай жерден қателесті? Бәрін-бәрін ашық жарияласын. Жұрт білсін бәрін. Біздің мұндағы мақсатымыз — ақиқатты талап ету. Әділдік болған жерде ғана тура жолмен жүреміз.

ЖОО-лардың уақыт талабына сай болмауына тағы бір мәселе түрткі боп тұр. 10-20 жылдан бері университет, колледж басқарып отырған азаматтар бар. Әрқайсысының тәжірибесі мол дерлік. Оларды аймақтарда артта қалған, құлап жатқан білім ордасын көтеруге жіберейік. Жөнге келтірсін, түзесін, алдыңғы қатарға қоссын. Міне, мықтылықтың төркіні осында жатыр.

Айта кететін бір мәселе, бізге нақтылық жетіспейді. Жолымызды, бағытымызды айқындасак қана жұрт министрлікке де, басқаларға да сенеді. Ал қазір «ондаған ЖОО-ларды тексеріп жатырмыз, қысқартамыз» дегеннен пайда жок. Құр лақпырттын, науқаншылықтың қажеті жок. Жоғарыдан нұсқауды күтпей-ақ тірілік жасауға болатын еді ғой. Әрбір ректор, директор өз білім ордасын заманауи деңгейге көтеріп, әр студент оқу орнын мақтан тұтқанда ғана деңгейіміздің көтерілгеніне көз жеткіземіз. Осы жерде балаларды мектептен бастап кәсіби біліктілікке баулу,

оқу стандарттарын жұмыс берушілермен бірлесіп жасау секілді бастамаларға мән беріп, көзбозушылықтың барлық түрінен арылған жөн.

Жас qazaq: Мұғалімдер даярлайтын оқу орнын 85-тен 20-25-ке дейін қысқарту керек деген пікірге қалай қарайсыз? Бұл маман тапшылығын одан әрі ұшықтырып жібермей ме?

Б.Хаменова: Оптимизация жасасын. Сапалы маман дайындасын. Алайда мұғалімдер даярлайтын нақты білім орындарын жабуға қарсымын. Мүмкін, бұл деректердің шығуына педагогикаға қатысы жок кейбір ЖОО-лардың факультет, кафедра негізінде педагогтар даярлап жатқаны себеп болар. Біз қалайда мұғалім тапшылығы болмайтындай мүмкіндікті

карастыруымыз тиіс.

Өкінішке қарай, мемлекеттен алған грантты жабу үшін болашақ педагогтар қатарына кім көрінгенді қабылдап жатқандар бар. Бізде кейде керісінше жұмыс жүргізіледі. Мысалы, Елордада жалғыз педагогикалық колледж бар. Оның өзі біреуге сатылып кеткен. Осы мәселені Үкімет отырысында айттым. Әлі күнге бір адам жауап берген жок. Аса жауапты мәселеге бұлайша селқос қарауға болмайды.

Жас qazaq: Біз білім беру саласында ширек ғасырдан бері озық елдердің жақсысын үйреніп, жаманынан неге жирене алмадық?

Б.Хаменова: Менгеріп жатырмыз, бірақ жүйелі емес. Бұл жағы дұрыс қолға алынбауда десек те болады. Бір мысал, дамыған елдерге барсаңыз, жоғары оқу орындарында ғылымға ден қойған, жаналық ашуға құштар жастар оқиды. Біздегі жағдай салыстыруға келмейді. Бір мысал, Германия халқы бізден әлденеше есе көп. 100-ден аса ғана жоғары оқу орны бар. Соған қарамастан, жұмыс күші тапшы көрінеді. Бірінші кезекте дәрігер, IT мамандары, пойыз машинистері мен тас қалаушылар жетіспейді. Елдегі жоғары оқу орындарына жыл сайын жарты миллионға жуық жас түседі. Ал оларды бітірген қыз-жігіттер арасында жұмыссыздық 2 пайыз ғана. Потсдам қалалық сауда-өнеркәсіп палатасының директоры Вольфганг Шписс қазақстандық телеарнаға берген сұхбатында Бранденбург аймағында мамандар жетіспейтінін айтады. Осы мәселеге сауда-өнеркәсіп палатасы қол ұшын созып келеді. Тіпті кәсіпорындарда жастардың алыс қашықтықтан болса да білім алуына жағдай жасалған. Жұмысшы



селқос қараймыз? Әлде ата-ананың қалтасын қағуды ғана білеміз бе?

Б.Хаменова: Мұның тамыры тереңде. Ең алдымен, біз отбасында балаға не керектігін, қандай мамандықтың аса қажеттігін әлі күнге түсіндіре алмай келеміз. «Көршінің баласы прокурор болады, менің де балам прокурор, сот болсын» дегенді қою керек. Қазір қолына қос-қостан диплом алып бос жүрген зангер, қаржыгерден аяқ алып

осыдан байқайсыз. Қысқасы, құлқынның құлы болып барамыз. Сананы ақша биледі. Әр бала елдің ертені, терегі екенін ескере бермейміз. Мен көпке топырақ шаша алмаймын. Дегенмен, сапа неге төмендеп кетті дегенде, осындай жағдай ойға оралады. Жұмыссыздық екі жаққа да ортақ кемшілік.

Жас qazaq: Халықаралық білім деңгейін зерттеу орталықтары елімізде білім деңгейі өте төмендегенін айтып жатыр. Осы үрдіс қашанға созылуы мүмкін?

Б.Хаменова: Егер қатаң шаралар қолданбасак, бұл үрдіс ұзаққа созылады және зардабы ауыр болады. Сол себепті біз басы артық білім орындарынан құтылуымыз қажет. Өз тәжірибем бойынша айтайын, бізде қаншама инвестор бар. Солардың бірде біреуі жергілікті мамандарды жұмысқа алғысы келмейді. Алған күнде де оны өз орталықтарында қайтадан оқытады. Неге? Білім таяз. Оқытқан бағдарламамыз шетелдік өндіріс талаптарына сай емес. Университеттердің заманға сай білім бере алмауы осыған жеткізді. Өте қажетті маманнан гөрі әлі күнге топ-тобымен зангер, қаржыгер даярлаудамыз. Нарық қандай маманға зәру екенін толық білмейміз. Мысалы,

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым министрлігі өзара келісіп, нарыққа қандай маман қажеттігін неге зерттемейді? Тағы бәр мәселе — оқу стандарттары. Оған миллиондаған қаражат жұмсалуда. Бірақ нәтиже жок. Негізінен, білім беру стандарты жұмыс беруші орынның стандартымен бірдей болуы тиіс. Мысалы, алпауыт компаниялар мұнайшы болғысы келген жастарымызды алмайды. Неге десеніз, олар қолданатын құрал-саймандардың кейбірін біздің балалар көрмеген де. Демек, оқу орны өзіңше оқытады. Жұмыс беруші біліктілігі жоғары маман іздейді. Оқу стандарттарын барлығы кеңесе отырып, қабылдау керек дегенім осыдан шығады.

Осы жерде жастарға да айтарым бар. Санаға сілкініс керек. Сабакқа қанағаттанбайсың ба, ұстазға, факультет басшысына, ректоратқа шағымдан. Өйткені, сен 500 мыңнан 1 500 000 теңгеге дейін қалтаннан қаражат төлеп отырсын. Соны ата-ана ішпей-жемей аузынан жырып беріп отырғанын түсіну керек.

Жас qazaq: Қазір кейбіреулердің араны ашылып кетті ме, әлде қандай ережеге сүйенетіні белгісіз, әйтеуір, білім ордалары қалаған мамандыққа бала оқытатын болды. Осыған қалай тосқауыл қоямыз?

Өз тәжірибем бойынша айтайын, бізде қаншама инвестор бар. Солардың бірде біреуі жергілікті мамандарды жұмысқа алғысы келмейді. Алған күнде де оны өз орталықтарында қайтадан оқытады. Неге? Білім таяз. Оқытқан бағдарламамыз шетелдік өндіріс талаптарына сай емес. Университеттердің заманға сай білім бере алмауы осыған жеткізді. Өте қажетті маманнан гөрі әлі күнге топ-тобымен зангер, қаржыгер даярлаудамыз. Нарық қандай маманға зәру екенін толық білмейміз.

Б.Хаменова: Бұл таза министрліктің жұмысы. Жергілікті жерлерде бақылау комитеті деген бар. Солар лицензия береді. Осының бәрін ректорлардан сұрауымыз керек. Жауап берсін. Шындап келгенде, мәселені қолында билігі бар азаматтардан бастаған жөн. Қазір басы дауға қалған ЖОО-ы кезінде қалай ашылды, кім рұқсат берді? Сурақ осыдан басталуы тиіс. Лицензия бердім бе, алты айдан кейін қара. Беталыс дұрыс емес пе, қайтарып ал. Шара қолдан. Өңтіменің төркіні сонда. Осындай бей-берекетсіздіктен мүлде жұмыс табылмайтын мамандықтар да оқытылуда. Бәріміз бір күндік мәселені ғана ойламауымыз керек. Нарық зерттелмейінше, қазіргі үрдіс жалғаса береді.

Жас qazaq: Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ



мамандығын насихаттау үшін мектептерде түрлі акция ұйымдастырылатынын, оқушылардың кәсіпорындарға апаратынын тілге тиек етті.

Міне, нағыз үйренетін тәжірибе. Ал күні кеше Президент жоғары оқу орындары түлектерінің 60 пайызы жұмыссыз екенін айтты. Мен оған 824 колледжді бітіргендердің 50-60 пайызы да жұмыссыз екенін қосар едім. Осыдан сон не айтуға болады?

Жас qazaq: Мұның себебі неде деп ойлайсыз? Балалардың тағдырына неге

қалай қабылдайды? Бала жоғары оқу орнына барады. Барған соң, сол жерден «пайдалы кеңес» алады. «Ресейдің бір жоғары оқу орнымен келісім бар. Сізді соған түсіреміз. Ақшаңызды қолма-қол алып келсеніз, сол жаққа төлейміз. Ол жақта жарты жыл оқып, екінші жартыжылдықтан бастап біздің студентіміз боласыз» дейді. Міне, оқу орны өздері біле тұра, кемшілікке жол береді. Бныл осындай тәсілмен оқыған 37 мың студент елге қайта оралған. Бұдан бізде мемлекетшілдік рухтың төмендігін



БЖЗК Құрылғанына биыл 6 жыл болған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бүгінде еліміз бойынша ең озық және ең сенімді ақпараттық технологияларды қолданады. Сондықтан Қордың электрондық қызметтерін пайдаланушылар саны артып жатыр.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТАНЫМАЛДЫҒЫ АРТУДА



ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

«БЖЗК» АҚ ақпараттық жүйесінде бүгінде он миллион алты жүз мыңнан астам шоттың иелеріне қызмет көрсетіледі. Әрбір шот бойынша жарналардың түсуі және инвестициялық табысты есептеу туралы ақпараттар нақты уақыт тәртібінде жаңартылып отырады. Яғни, шоттарды есепке алу және талдау жүйесі жетілген түрде жұмыс істейді және бұзылуға өте төзімді. Әрбір операциялық күн дер кезінде өңделеді. Сәйкесінше салымшыға тұрақты түрде жаңа және маңызды ақпараттар ұсынылады.

Мұның барлығына қалай қол жеткізілді? БЖЗК ең алдымен enpf.kz порталын іске қосты. Сайттың интерфейсі пайдаланушыға ыңғайлы және түсінікті жасалған. Ол жинақтардың көлемі немесе зейнетке шығу уақытымен ғана емес, сонымен қатар Қордың есептілігімен, портфельдің құрылымымен танысуға мүмкіндік береді.

Қор қызметінің ашықтығы мен айқындылығының арқасында салымшылардың Қорға деген сенімі нығая түсті. Олар БЖЗК электрондық сервистерін, олардың ішінде мобильді қосымшаны белсенді түрде пайдалануда. Айта кетелік, мобильді қосымшаның атқарымы Қор сайтының атқарымымен бірдей.

БЖЗК қызметі қатаң түрде реттелген және зейнетақы шоттары туралы ақпарат құпия сақталады. Сондықтан кез келген өтініш берушілік сипаттағы қызметтер салымшыдан электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе Қор сайтына жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) мен құпиясөз арқылы тіркелуді талап етеді. Қор қызметтері мен зейнетақы активтерін басқару туралы ақпараттар ашық және қолжетімді. Бұл ретте Қордың барлық электрондық қызметтері кез келген салымшыға тәулігіне 24 сағат және аптасына 7 күн бойы нақты уақыт тәртібінде қолжетімді екендігін айта кеткен жөн.

БЖЗК электрондық сервистерінің танымалдығын Қордың статистикасынан да көруге болады. Мысалы, 2019 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша салымшылар enpf.kz сайты, Қордың

мобильді қосымшасы және e-gov порталы арқылы өз шоттарынан 7,9 млн үзінді көшірме алған. Бұдан басқа салымшылар Қор кеңселеріне келмей-ақ, қашықтан өздерінің жеке деректемелеріне 95,8 мың рет түзету енгізген. Шамамен 964 мың салымшы болашақ зейнетақысының көлемін білу үшін электронды болжамды зейнетақы калькуляторын пайдаланған. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін 95 мыңға жуық өтініш өңделді. Зейнетақы қоры Мемлекеттік корпорацияға инфляцияны ескере отырып, мемлекеттік кепілдікті есептеуге қажетті мәліметтерді 180 мыңнан астам рет ұсынған. Бұл ретте электрондық операциялар саны үздіксіз артып келеді.

Бүгінде БЖЗК мен Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесі өзара ықпалдастырылған. Сондықтан зейнетке шыққан салымшының өтініші туралы ақпарат БЖЗК-ға электрондық сипатта түседі. БЖЗК өз кезегінде зейнетақы төлемдерін есептеп, оны мемлекеттік корпорация арқылы алушының банк шотына аударады. Мемлекеттік бюджеттен төленетін ортақ және базалық зейнетақы да дәл осы шотқа аударылады.

Өкінішке қарай, бүгінде зейнет жасына толған салымшылардың көпшілігі зейнетақыны рәсімдеу үшін қайда барып, қандай құжаттар тапсыру керектігін біле бермейді. Бұл жағдайда олар Қордың 1418 тегін телефон нөміріне хабарласып, барлық сұрақтарына жауап ала алады. Байланыс орталығы күн сайын, аптасына 7 күн – таңғы сағат 08.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Қор зейнетақы төлемдерін тағайындау және алу жүйесін барынша оңайлатты. Әрине, мұнымен шектеліп қалмайды. Қор енді микросервистерге көшуді жоспарлап отыр. Сондықтан қазіргі уақытта Қор жүйесін мемлекеттік органдар және екінші деңгейдегі банктердің жүйесімен өзара ықпалдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Өмірдің өзінен

Жақында Алматыда орналасқан республикалық протез-ортопедия орталығына бардық. Бұл мекеме қиын жағдайға тап болған азаматтарға қажетті протез жасайды. Біз орталықтың білікті мамандарымен кездескенде, көзіме бірден түскені – осында мүмкіндігі шектеулі жандардың өз жұмысына адалдығы. Осы жүздесуден соң мүгедектігіне қарамастан, өзгеге қуаныш сыйлап, адал еңбекпен нан тауып жеп жүрген жандармен жеке тілдескенді жөн көрдік.

МАҚСАТТЫ ТАҢДАЛҒАН МАМАНДЫҚ



Алғашқы кейіпкерімнің есімі – Андрей Коржи́ков. Республикалық протез-ортопедия орталығының вице-президенті. Осы мекемеде 36 жылдан бері қызмет істейді. Алғашында өткен өмірін есіне алғысы келмеген кейіпкерім, бірнеше сұрақтан кейін ақтарылып өз сырымен бөлісе бастады.

Андрейдің айтуынша, 14 жасында аяғына ота жасалып, кесіп тастауға тура келген. Ол: «Алматыда бар жастық шағым өтті. Фрунзедегі политехникумда оқыдым. Алғаш рет аяғыма ота жасалғанда, өмірде өте бір қиын да ауыр сәтті басымнан өткергенімді сезіндім. Сол сәттен бастап протез жасау мамандығын алуға деген қызығушылық пайда болды. Ондай мамандықты менгеру үшін тек Ресейдегі арнаулы оқу орнына бару керек екен. Сол туралы күндіз-түні мәлімет жинап, мамандықты жетік менгеруге тырыстым. Қолыма диплом алған соң, осы салада жұмыс істеуге тура келді. 36 жылдан бері бір мекемеде қызмет етіп келемін.

Протездеу техникі мамандығын мақсатты түрде тандадым десем де болады. Екінші топтағы мүгедекпін. Бүгінге дейін өзіме ұнайтын жұмыс тапқаным ризамын. Бұл мүмкіндік те бірден келмегені анық. Бәріне төтеп беруге тура келді», – деді.

Кейіпкерімнен «Сіз бір жерде 36 жылдан бері қызмет етіп келесіз. Осы саланың дамып, әрі қарай көркеюі үшін не жетіспейді, нені қолға алуымыз керек?», – деп сұралық.

Андрей Коржи́ков бірден бұл саланы дамытуға білікті мамандар керектігін айтты. Ол: «Ең басты айтарым, протездеу саласын дамыту үшін мықты кадр даярлау керек. Ал елімізде бұл саланы көркейтетін ешқандай оқу орны жоқ. Тәжірибелі маман ретінде айтарым, кадр даярлау, оларды оқытатын мамандарды даярлау қазіргі таңда ең үлкен мәселе», – деді.

Шынында да, еліміздегі жоғары медициналық оқу орындарында арнайы факультет жоқ. Сол себепті протездеу саласында қызмет еткісі келген жас мамандар келмейді. Ал жеке қызығушылықпен протез жасауды үйренгісі келген жастар өте аз.

АДАМДАРДЫ АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗАДЫ



Екінші кейіпкеріміздің есімі – Арман Ибраев. Теміртау қаласының тумасы. Арман протез даярлау цехында жұмыс істейтіндіктен, ең алдымен оның жұмыс орнына бардым. Кейіпкеріміз дәл сол сәтте протезге тапсырыс беруші азаматқа протезін кигізіп, тексеру үстінде екен. Ол арнайы келген кісіні қабылдап болғаннан кейін, сұхбат беруге дайын екенін айтты.

Арман ағайдың әңгімесінен де өмірге құштарлықты бірден байқадым. Ол: «Қарағанды металлургиялық институтын механик мамандығы бойынша аяқтадым. 1990 жылдары 20 жасымда өндірісте жарақат кезінде аяғымды күйдіріп алдым. Жарақатым ауыр болып, тізімнен төмен аяғымды кесуге тура келді. Жарты жылдай үйде отырып қалдым. Кейін автотұрақтың күзетшісі болып жұмыс істедім. Қашағанда жұмыс істеп жүрген кезімде аяғым қатты ауырып, ол жұмысты тастауға тура келді. Бірде Петропавлдағы протездеу орталығында Иван Ивановпен таныстым. Ол кісі маған біраз ақыл-кеңес берді. Қашағаннан қайта Теміртауға келгеннен кейін протезім дұрыс болмай жүрген едім. Осыған байланысты Алматыға келіп, Николай Николаевичті кездестірдім. Ол мені бұрын да осы жерге жұмысқа шақырған еді.

2017 жылы протездеу бойынша механик болып орналастым. Сол сәттен бастап жүрегім қалаған мамандықты таптым деп ойладым. Өйткені, протез киюдің біраз қиындығын өз басымнан өткіздім. Қазіргі таңда протездеу цехында механик болып қызмет етемін. Соңғы үлгідегі жаңа нұсқалардан да қалып қоймауға тырысамыз. Біздің жігіттер шетелдерге барып, тәжірибе алмасып тұрады. Механик протезші кәсібі өзіме ұнайды. Менің мақсатым – адамдарды аяғынан тік тұрғызу. Өйткені, протездің адамға қаншалықты қажет екенін мен жаныммен түсінемін. Отбасым бар, екі ұлдың әкесімін. Егер өз жұмысымнан ләззат алатын болсам ғана, сол салада ұзақ қызмет етемін. Қазіргі жұмысыма ризамын. Өйткені, аяққа протез кию, онымен жүріп, қоғамның бір мүшесі болудың қандай екенін жақсы білемін.

Қазір бізге тапсырыс беріп, протез киіп өзінің өміріне шырай кіргізгісі келетін

ТАҒДЫР

жандарға көмектескім келеді. Оларға қандай қиындық болса да мойымауды, кез келген кедергіден жеңіл өтуге септігімді тигізгім келеді. Егер протез дұрыс әрі жайлы болса, адамның өмірі де сондай жеңіл болады. Бізге келген әр адамның аяғынан нық тұрып, өзінің мақсатына жетуі үшін кішкене болса да, өз үлесімді қосып жүргеніме мақтанамын.

ЖАН ЖЫЛУЫН СЫЙЛАҒАН



Үшінші кейіпкеріміздің есімі – Нұржан Нагиев. Орталықтың стационар бөлімінде емдік дене шынықтыру нұсқаушысы (*инструктор ЛФК*) болып жұмыс істейді. Нұржан жұмыс орында бізді көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Жайдары кісі екен. Өзін еркін ұстап, келістіре әңгіме айтты.

Нұржан 2 топтағы мүгедек жан. Оған «туа бітті сүйектің қысқалығы» диагнозы қойылған. Ол: «Мектепте де жоғары оқу орнында да сау балалармен бірге оқыдым. Мамандығым суретші-гобеленші. Ал екінші дипломымды спорт және туризм академиясындағы инструктор ЛФК мамандығы бойынша алдым. Оқу бітіргеннен кейін балаларға арналған санаторийде жұмыс істедім. Қазіргі жұмысым өзіме ұнайды. Жүрегім қалаған мамандық иесімін. Болашаққа мақсатым да аз емес. Соның бірі – ең алдымен отбасын құрып, кейіннен өзімнің сауықтыру және оңалту орталығымды ашу. Мысалы, қиын жағдайға түскен адамдар алғашқыда өзінен өзі күйгелектеніп, тіпті депрессияға түсуі мүмкін. Оларға психологиялық жағынан көмек беру керек болады. Сондай жандар келген кезде, мысал ретінде, ең алдымен өзім туралы көбірек әңгімелеп, оларға психологиялық көмек беруге тырысамын», – деді.

Нұржан Жетісайдың тумасы. Отбасында 6 ағайынды. Өзі ұлдың кенжесі. Ол: «Менен басқа бауырларымның дені сау. Өзімнің диагнозымның себептерін іздеп көрдім. Көп деректерді оқыдым. Негізгі себептерінің бірі – анамның аяғы ауыр болған кезде кальцийдің жетіспеушілігінен, одан кейін стресс себеп болуы мүмкін екен. Қазір аяғыма арнайы ортопедиялық аяқ киім киемін. Өйткені екі аяғымның бір-бірінен айырмашылығы – 13 сантиметр. Арнайы киім де тіктіремін», – деді.

Емдік дене шынықтыру нұсқаушысы болып қызмет ететін жігіт өзінің жұмысын сүйіп атқарады. Нұржанның: «Науқастарға қуаныш сыйлап, еш мойымауды үйреткім келеді» деген сөзінен көп жағдайды аңғаруға болады. Иә, кейде аяқ-қолымыз сау бола тұрып, өмірге өкпелейтін сәтіміз болады. Ал жоғарыдағы үш кейіпкеріміздің де мүмкіндіктерінің шектеулі болғанына қарамастан, өзі сияқты қамқорл жандарға жан жылуын сыйлап жүр.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Инфографика

КИІМ-КЕШЕК ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?



2019 жыл қаңтар-қыркүйек

Қытай	22,5 мың тонна	145,9 млн \$
Өзбекстан	7,8 мың тонна	14,3 млн \$
Ресей	6,5 мың тонна	95,7 млн \$
Түркия	5 мың тонна	105,7 млн \$
Бангладеш	1 мың тонна	27,7 млн \$
Беларусь	603,4 тонна	7,1 млн \$

Дереккөзі: stat.gov.kz

(Басы 1-бетте)

Елдегі Есенбайдың мандайында бұршақ танбасы бар қара тоқтысы ересен семіз болды. Жарықтық өзі де тамақ талғамайтын. Шелектің түбінде қатып қалған кебекті де кеміреді, сар еткізіп төге салған жуындыны да қауждандайды. Қоңыр күзде

жел үрлеген шар тәрізді болып домаланып қалды. Қара тоқтының бір қызығы, өз қорасында «қонбайтын». Қашан қарасаң да, көршілердің қойларының ішінде жүреді, жас тоқтыларды жағалап.

— Мал да иесіне тартады екен ғой, — деп Есенбайдың әйелі Қатша қара тоқты есіне түскен сайын ернін сылп еткізе түсуші еді. Бұл сокқан да белі кетпей безеріп жүргенде отбасына апта аралатып оралатын.

Қара тоқты үш күн жоқ болды. Іздеген жан жоқ. Ауыл шетіндегі Қонысбайдың үйіне зәуі бір себеппен барған Есенбайдың танауы жас еттің

орман. Егін егуге де, мал бағуға да аса қолайлы жер. Жолы да тақа жаман емес. Алпыс шақырым жердегі Көкшетау-Қостанай тас жолына әупірімдеп жетіп алсаңыз, әрі қарай көзіңіз ашылады. Оған дейінгі жолда да сегізкөзін сыр бермесе, желдей есесіз. Осы төңіректегі



қойды», — дейді аты-жөнін көрсетпеуді қайта-қайта сұраған азаматша. — Нұрашев мырза кейінгі сауалыма біз жақында ғана барып қайттық қой деген уәж айтады.

Негізі көш көлікті болуы үшін онтүстік өңірдің өкілдері солтүстіктің тыныс-тіршілігімен бажайлап танысқан жөн. Қай жерде жергілікті ұлт тіліндегі мектеп бар, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қалай, көшіп келе қалған күннің өзінде жұмыс бола ма, жоқ па? Көпшілікпен тілдесе келе, көш жолында көлденең жатқан мәселенің бірі — насихаттың жоқтығы тәрізді. Мәселен, Шымкент қаласында төрт күн бойы

Теріскейге көшкен жұрт ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНЕ ЗӘРУ

иісін сезсін. Бұрқырап тұр кәдімгідей. Сенекке кіре беріп, оң қапталына қарап еді, маңдайында бұршақ танбасы бар қара тоқтының басы жатыр. Көзі жабылмапты. Жағдай осылай болды қожайын деп тұрған тәрізді. Есенбай сыр білдірген жоқ. Қонысбайдың үй ішімен бірге отырып дәм татты. Мұндай семіз болар ма? Қабырғаның өзі май жеп қылдырықтай болып қалған екен. Ас қайырған соң Есенбай Қонысбайға қарап:

— Қара тоқты қазанына түскен екен, «ит төлеуі бір күшік» деген. Есесіне қоңыр, семіз ісегінді бересің. Мойнына бір жарты байлап.

— Қой шырағым, — деген Қонысбай, — сенікі екенін мен қайдан білейін?

Мына ағаштың ішінде жүрген соң иесіз мал екен деп қалғанмын.

— Иесіз мал бола ма?! — деп шақ еткен Есенбай. — Оны қайдан көріп жүрсін?

— Осы күні иесіз мал да, жер де толып жатқан жоқ па? — дейді ауылдасының семіз тоқтысына мұртын майлап отырған Қонысбай.

Айтса айтқандай, мал иесіз болмағанымен, жердің иесіз жатқаны шындық енді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында соңғы қазығын суырып көшіп кеткен ауыл жетерлік. Сол ауылдардың жанындағы бір кезде ақық дән аялап, ақтылы мал өсірген қаншама құйкалы жер тусырап бос жатыр? 2019-2020 жылдары билік болашағы жоқ 65 ауылды тағы қысқартпақ. Себеп, тұрғындар саны аз. Тіпті елу адамға жетпейді. Бар-жоғы 20-30 адам үшін су тарту, жол салу, электр қуатымен қамтамасыз ету

Қарақамыс, Шолақөзек, Егіндіағаш, Сулықөл ауылдары өтпелі кезеңнің өкпек желіне шыдай алмай тоз-тоз болуға жақын. Көкшетау-Қостанай тас жолынан небары үш шақырым жердегі Ақан сері ауылында қаншама әлеуметтік-тұрмыстық нысандар, 40-қа жуық екі қабатты коттедж қанырап бос тұр. Мұның барлығын жіпке тізгендей айтып отырғанымыз көш басын бұратын жерді көрсету.

Солтүстікті қазақыландырмасак, шекара бойы жалаңаш қалады. Оның үстіне, бұл өңірде қазақ мектептерін емге таппайсыз. Мәселен, Мағжан Жұмабаев ауданында екі қазақ мектебі бар. Қалған қырыққа жуық білім шаңырағы орыс және аралас мектеп. Күнгейден келген ата-аналардың қиналып отырғаны да осы жай. Балаларын беретін қазақ мектебі аз. Аудан орталығындағы жалғыз қазақ мектеп-интернатында орын тапшы. Ол бар-жоғы жиырма шақты балаға арналған. Бұдан бөлек, теріскейде кейбір ауылдарда 80-90 бала ғана білім алатын мектептер бар, ал оларды оқыту үшін 45-50 мұғалімді мемлекет қаржысымен ұстауға мәжбүр. Кейбір сыныптарда 3-4 оқушыдан ғана сопайып отырады. Жауып тастауға тағы болмайды. Сондықтан, осындай арса-арса болып отырған елді мекендерді күнгейдегі ағайынмен толтырған абзал болар еді.

Жабылып жатқан ауыл қаншама?! Есіл ауданында Жаналық, Орталық, Алқа тәрізді қазақ ауылдары жабылып қалды. Бұл елді мекен облыс орталығынан небары жетпіс-ақ шақырым жерде. Дәл іргесінен республикалық маңыздағы тасжол өтеді. Жаналық ауылына Абдулаевтар отбасы

бос орындар жәрменкесі өткізілген. Оған Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облысынан 8 ауданның өкілі барған. Алғашқы күні залда ине шаншар жер болмаған. Мұның барлығы көшуге қамданғандар екен деп көңіл өсіп қалған. Сөйтсе, халықты жәрдемақы туралы мәліметпен таныстырамыз деп шақырған екен. Көші-қон туралы әңгіме жоқ.

Көшіп келгендер негізінен тұрақты жұмыстың жоқтығына өкпелі. Бұл шындығында да ең көкейкесті сауал. Тұрақты жұмыстың болмайтындығы мынада. Терістікте де ең басты сала — ауыл шаруашылығы. Бірақ бұл арала да мықтап ескеретін мәселе бар. Айталық, егін шаруашылығымен айналысатын ауыл шаруашылығы құрылымдарына егін егетін жер телімдерімен қатар, жайылымдық, шабындық жер бөлінеді. Акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер егін еккенімен мал баққысы келмейді. Белгіленген тәртіп бойынша үш жыл қатарынан мал ұстамаса, бөлініп берілген барлық жер кері қайтарылуы керек. Оның да амалын тапқан. Мәселен, талап бойынша жер көлеміне сәйкес жүз бас қара мал ұстау керек болса, амалсыз 30-40-ын бағады. Онда да үшінші жылы ғана. Жер туралы заңда бірінші жылы тексеріп, ескерту жасалады. Екінші жылы тағы солай. Тек үшінші жылы ғана жер танабын сот арқылы қайтарып ала алады.

Ауыл шаруашылығы құрылымына егінмен қоса, мал бағуды міндеттейтін заң жоқ. Егер осындай заң қабылданса, онтүстік өңірден көшіп келгендердің ғана емес, бар ауылдың бағы қайта жанар еді.



экономикалық жағынан мүлде тиімсіз. Ақыл таразысына салсаңыз, бір есептен жөн тәрізді. Бірақ Солтүстік Қазақстан облысының шекараның түбінде екендігін естен шығармаған жөн. Қадап айтып көрелік. Қазір Ресеймен іргедегі шекара шерге бөгіп тұр. Ол шер — қаншама ауылдардың жаппай көшіп жатқандығы. Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің қаулысына сәйкес, Ғабит Мүсірепов ауданындағы Ломоносовское, Беспаловка, Шақпақ ауылдары жабылмақ. Ал дәл шекара иек артып қоныстанған Мамлют ауданындағы Студеное және Прогресс елді мекендері көшірілмек. Жамбыл ауданындағы Талпын, Уткино, Ақбалық, Мотросова, Островка, Неждановка ауыл-селолары облыс картасынан өшіріледі.

Тарихи тағылымы мол, киелі жері көп Айыртау ауданының да ажары солғын. Таяу арада аудандағы Қопа, Алтынбұлақ жоғарыдағы биліктің жарлығымен жер басына жығылса, екпіндеп келіп тақау тұрғандары да аз емес. Мәселен, осы аудандағы ең алдыңғы қатарлы кеншіарлардың бірі болған Светлый елді мекенінде заманында 500-ге жуық отбасы болып еді. Қазір қалғаны 50-60-тың төңірегінде. 4-5 дүкені, машина-трактор шеберханасы, диірмені қанырап бос тұр. Өзгені айтасыз, бұл ауылда аурухана да, перзентхана да болған. Қазір бірі жоқ. Кенес заманынан қалған коттедж үйлер қанырап бос тұр. Ал жері ше? Кәдімгі қазақы ұрысмен айтқанда, жетек шаншысаң, ағба өсіп шығатын жер. Дәл іргеде балығы мол Қамысақты өзені ағып жатыр. Иек астында жалғыз Жамантау. Етегі ит тұмсығы өтпейтін сынсыған

2014 жылы көшіп келді. Бұрынғы мал базын жөндеп, мал шаруашылығымен айналысуда. Айгүл мен Құланбай көшіп келгенде ауыл қотанында әлі де түгін түтетіп отырған отбасы бар еді. Жақсылық атаулыдан өбден күдер үзген олар жана шаруашылықтың басшысы туған жерлерінді тастап кеткендер, ай сайын тұрақты жалақыларыңды төлеп отырамын десе де, арттарына қарайлаған жоқ. Қазір жана қонысқа келген шаруа қожалықтары мал өсіріп, құс бағып, бақша егіп, тұрмысын түзеп алған. Әйтсе де, жапандағы қалған жалғыз үйдің жанына қоныс қонар күн қашан туар екен?!

Қоныс қонар күн туу үшін шаруа істеу керек. Ең алдымен онтүстіктен солтүстікке көштің бетін түзеуге бағытталған бағдарламаны әлі де жетілдірген жөн сияқты. Мәселен, онтүстіктегі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларында солтүстік өңірлерде іссапарға мамандарды аттандыру үшін қаржы қарастырылмаған.

— Мәселен, осы басқарманың бастығы Н.Нұрашев аудандық, қалалық халықты жұмыспен қамту орталықтарына арнайы хат жазған. Хатта «нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында еліміздің солтүстік өңірлеріне қоныс аударуға ниетті адамдарды 2019 жылдың 20-26 қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысына апару жоспарлануда. Жауапты мамандардың іссапарға баруын қамтамасыз етуін сұраймын», — делінген. Ал хатына аудан басшылары «бұған қаражат қарастырылмаған» деп жібермей

Қазір облыстағы жайылымдық жердің 30 пайызы бос жатыр. Ол дегеніңіз — мыңдаған гектар тусыраған жер. Егер арнайы заң қабылданса, бақташы да, сауыншы да керек. Көшіп келушілерге талғажау етер жұмыс та табылады. Көштің көлікті болуына басты себеп болатын да осы жай.

Екінші бір мәселе, теріскей — тыңның эпицентрі. Жоғарыда біз келтірген елді мекендердің атауынан-ақ солтүстікте сынсып отырғандардың кімдер екендігін айтқызбай-ақ білуге болады. Демек, көш онтүстік өңірдегі артық жұмыс күшін солтүстікке бағыттау арқылы бұл өңірдегі тыныс-тіршілікті жақсартып, елдің, жердің иесі кім екенін аңғартуға да керек. Ал қазақылығы арылмаған онтүстік өңірден келген ағайын солтүстіктегі сірескен мұзды жібітіп, рухани әлемге жып-жылы ағыс әкелер еді. Қалғып кеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз қайта қанығыр еді.

Ел іші болған соң кері сөйлейтіндер де болып тұрады. Әлгі қазактың жер кебіске бір кебісті кигізіп отыратынын тәрізді. Олар онтүстіктен келетіндерге неге көмек көрсетіледі деп күпінеді. Бұл жіг тудыру. Әйтпесе, арылдағы үлкен мәселе санасына жетпей отырған жоқ. Көш бетін түзеу елдің іргесін бекіту үшін керек. Әйтпесе, күндердің бір күнінде Есенбайдың маңдайында бұршақ таңбасы бар қара тоқтысын иесі жоқ мал екен деп қалдым деген тәрізді біреулердің шықпасына кім кепіл?!. Құдай сақтасын!

Байкен КӨБЕЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

QOĞAM 5

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Байқау

Жақында 25 жылдық мерейтойын атап өткен «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-на қарасты «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдары еліміздің Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ел есінде қаларлық шара ұйымдастырды. Екі ұжым биыл құрылғанына 50 жыл толған Алматы қалалық сотының тікелей қолдауымен «Детективтік шығармалар» байқауын жариялап, осы жанрда жазатын журналистердің бағын сынады.

ДЕТЕКТИВ – JAS QAZAQ-TA!



Байқауға қатысушылар арасында Jas qazaq ұлттық апталығының жауапты хатшысы Жарас Кемелжан да бар. Әріптесіміз 40-тан аса қаламгер қатысқан сында 1-орыннан көрініп, өзінің шытырман оқиға жазуға төселгенін дәлелдеді.

Нұрғазы Әбдіканов жетекшілік еткен Алматы қалалық сотының қолдауымен жүзде қоры биыл 3 миллион теңгеге жетіп, жүлдегерлердің саны да артқан. Өткен жылы төрт айға созылған байқау қоржыны шытырман оқиғалы 72 шығарма түссе, биыл бес айда редакция қоржынына қазақ тілінде — 43, орыс тілінде 16 шығарма келген. Кіл мықтылар қатысқан байқауда әріптесіміздің бағы жанды. Жазарын көп болсын, Жарас!

Көкіжиек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2020 жылдан бастап студенттердің шәкіртақысы ұлғаятыны жайлы хабарды студенттер мен ұстаздар қауымы үлкен ризашылықпен қабыл алды.

СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАЙЫҚ!

Президент жастармен болған кездесуінде: «2020 жылдың 1 қантарынан бастап бакалавриат, магистратура және докторантура студенттерінің шәкіртақысы 25 процентке көбейеді. Бұл шара 130 мың адамды қамтиды», — делі.

Президент К.Тоқаев білімнің сапасы мен қолжетімділігін арттыру маңызды міндеттердің бірі екенін, сондай-ақ мамандық бойынша жұмыс істеп, теория мен практиканы ұштастыру қажет екенін қадап айтты. «Өз ісін жетік білетін кәсіби мамандардың жаңа буынын қалыптастыру — басты міндет». Елбасының әр өңірде кем дегенде жоғары деңгейдегі мықты бір жоғары оқу орны мен екі колледжі құру туралы идеясы көптеген мәселелерді шешетінін де тілге тиек етті.



Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетовтың айтуынша, 2020 жылдың қантар айынан бастап бакалавр дәрежесінде білім алушылардың шәкіртақысы 20 949-дан 26 186 теңгеге, магистранттардікі 53 530-дан 66 913 теңгеге және докторантура шәкіртақысы — 81998-ден 102 498 теңгеге көтерілмек. Ал студенттер мен олардың ата-аналары үшін маңызды бұл бастамаға шамамен 18 миллиард теңге бөлінбек.

Иә, 2016 жылдан бастап шәкіртақы көлемі көтерілмеген болатын. Бұл жаналықты көптен күтіп келе жатқан студенттер үшін стипендияның көбеюі үлкен қолдау және көмек болмақ.

Көне заманда бір данышпан: «Білімнің арқасында келген байлық қазып алған алтыннан мың есе көп болады» деп жорамалдаған екен. Осы ойды басшылыққа алған қазақ елі интеллектуалдық ұлтқа айналуы жоспарлап отыр. Сол болашақ интеллектуалдық қоғамның бастауы — бүгінгі студенттер.

Экономиканың басты қағидаларының бірі — ресурстардың шектеулілігі. Бүгіннің өзінде елдің ауқаттылығы ресурстардың молдығына тәуелді болмай отыр. Инновациялар мен технологиялар — қоғам дамуының басты трендіне айналды. Ертең сол үдерістің орта белінде жүретін студенттерді қолдау — маңызды міндет. Бұл қайырлы істі Президент мықтап қолға алды. Ал ЖОО-ның ұстаздар қауымы бұл қадамды қызу қолдап отыр. Оның үстіне алдағы жыл — Волонтер жылы баршамызға, әсіресе жастарға үлкен жауапкершілік жүктейтіні де айтылды. Сондықтан барлығымыз осы игі бастамаға белсенді атсалысуымыз керек. Осы орайда Шымкенттегі Аймақтық-әлеуметтік инновациялық университетінің студент жастары мұқтаж жандарға көмек қолын созуға әрдайым дайын екенін айтқымыз келеді.

Сандыбай БОРАНБАЕВ,
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, университет профессоры, Шымкент қаласы

Дүние – шыр айналған бір дөңгелек. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын тыл ардагері Зурай апаның үйі де, күйі де бүтін болатын. Уайымы жоқ, көңілі тоқ еді. Алайда алаңсыз жатқанда алаяқтың арбауына түсіп жалғыз пөтерінен айырылып қалатынын кім білген?.. Қазір болмашы зейнетақысына пәтер жалдап, күнін күнге жағап, әйтеуір, өлместің қамымен күнелтіп жүр.

«Алыстан жау шаппайды» деген рас-ау. Әжейді арбап-сулап үйін тартып алған адам – келініндей болып кеткен, ұлының бұрынғы қалыңдығы екен. Мәдина есімді (*аты-жені өзгертіліп берілді*) Өскемен қаласының тұрғынын сотқа беріп, барлық кінәсін мойындатқанымен, үйін де, оның орнына берілуге тиісті 1 млн 730 мың теңгесін де әлі күнге дейін ала алмай, сергелдеңге түсіп қалған. Қарға адым жердің өзі мұң боп қалғанын айтқан Зурай апаның осыны ойлап шақшадай басы шарадай болып отыр.

Сексеннің сенгірінен асқан Зурай апаның 2006 жылы бұрынғы Тоқымашылар, қазіргі Сәтбаев даңғылында орналасқан бір бөлмелі пәтері бар-тұғын. Әлия есімді қызы екеуі бір шатырдың астында қаннен-қаперсіз тұрып жатқан. Тағдырдың тауқыметі сол жалғыз қызы Павлодар қаласына

шешімі шыққанымен тиісті ақшаны әлі күнге дейін ала алмай отырмыз. Осы 11 жылдан астам уақыт ішінде сот орындаушылары сан рет ауысты. Олар бізге қаражатты өндіріп бергеннің орнына, әне-міне деп бос сенделіп жүргендей көрінеді. Әлде жүзді айдап, бірді жетелеп отырған сол Мәдина сот орындаушыларының тілін тапты ма?! Бұл жайт ыңырымызды әбден шығарды. Мұнымызды қайда барып, кімге шағамыз? Шынын айтсам, екі құлағымыздан басқа адал қарасымыз калмағандай. Әлгі әйелге барып «Ақшамызды қашан қайтарасың? Құдайдан қорықпайсың ба?» деп сұрасам, «Ана қақпас әлі өлмеген бе?» деп топ еткізеді. «Менен бір тиын да



Тыл ардагері Зурай Дакиева

КЕЙУАНА НЕГЕ КҮРСІНЕДІ?



Зурай әжеге Жеңіс күніне орай берілген марапаттар

жұмыс бабымен кеткеннен кейін басталыпты. Ол «Қызым Павлодарға жол тартқан соң, Мәдина бірден үйіме келді», — деп әңгімесін арыдан бастады. «Пәтердің құжаттарын бере тұрсаңыз, бір-екі күннен кейін алып келем» — деп сұрады. Кезінде ұлым екеуі бірге тұрғаннан кейін мен бейбәк оны келінімдей көріп, ойланбастан үйлін құжаттарын бере салдым. Араға күн салып ол қайтадан есігімді қақты. «Құжаттарды алғыңыз келсе, нотариуска барып кол қою қажет» — деді. Оған да көндім. Айтқан жеріне бардық. Жаз дегенін жаздым. Сөйтсем...» —әңгімесінің сонын айта алмай, кейуана кемседеп, көзіне жас алды. Сөйтсе, Мәдина үйді өз атына ауларып алыпты. Ал тыл ардагері баспанасыз қалған. Қызы бар мән-жайды естіген соң бір сәтке де кідірмей, Өскеменге қайтып келеді. Апамыздың қызы Әлия Исинова «Ол әйелге бұрыннан-ақ сенбейтінмін. Соны жақсы білген ол менің кетуімді күтіп жүрген екен. Шешемізді алдап-сулап, пәтерді иемденіп алды. Біз де онай беріспедік. Үйді қайтарып алу үшін сотқа барып шағым түсірдік», — деді. Алайда аяқ астынан пәтерлі бола қалған әйел бір құрбысынан қарызға ақша алып, үйді соған кепілдікке берген. Кейіннен пәтердің құжаттары сол кісінің атына өтіпті. Осы оқиғаға байланысты жүргізілген сот ісі 2 жыл өткен соң, яғни 2008 жылғы наурыз айында ғана аяқталған. Сот кезінде Мәдинаның кінәсі толықтай дәлелденеді. Бірақ пәтер оның атында болмағандықтан, Зурай апаның жалғыз үйі өзіне қайтқан жоқ. Десе де сот шешімі бойынша алаяқ келін енесіне 1 730 736 теңге өндіріп беруге міндеттелді. Тыл ардагерінің қызы Әлия «Сот

алмайсыңдар» деп миығынан күліп отыр. Оның үстіне, ұлы да қонырау шалып, бізді қорқытатынды шығарды», — деп көзіне жас алды. Бұл жара жүрегінде жұдырықтай боп, мәнгі сақталған тыл ардагері Зурай әженің қазіргі күйі мүшкіл. Бір орында қазықтай қалалып отыратын ол қызының сүйемелдеуінсіз тұра алмайды. Айына 55 мың теңгеге пәтер жалдап тұрып жатқан кейуананың басқа амалы қалмаған. Зурай әже «Ай сайынғы 42 мың теңгелік зейнетақым ештеңеме жетпейді. Несін жасырайын, ұлдарым болса, өз күндерін өздері әрең көріп жүр. Көзіме дәрі тамызбасам, соқыр болып қалуым мүмкін. Ол дәрінің өзі 6 мың теңге тұрады. Бұдан басқа да ішетін дәрі-дәрмек жетерлік. Оның әрқайсысының бағасы ұдай қымбат! Зейнетақым пәтерді ақтамай тұрғанда, дәрі мен тамаққа қажетті қаражатты қайдан аламыз?» — дейді ішіндегі уайымын ақтарып. Жұмыс істейін десе, қызының денсаулығы нашар екен. Осыдан 7 жыл бұрын жұбайы қайтыс болғаннан кейін, ол инсульт алып қалыпты. Содан соң инфаркт алып, жүрегіне ота жасатуға мәжбүр болған. Тыл ардагерінің қызы Әлия «Жұмыссыз ретінде тіркелу үшін тиісті мекемеге құжаттарымы алып барған едім. «Тым болмаса вахташы болып істей аламын» десем, олар куәлігімді алып тексерген соң, мені денсаулығыма байланысты тіркей алмайтындарын айтты. Ал мүгедектік алайын десем, ол да болмай тұр. Дәрігерлік еңбектік сараптау комиссиясы (*ВТЭК*) «келесі айда келіңіз»




Әлия Исинова

дегеннен басқа ештеңе айтпады. Тіпті көмектескеннің орнына маған «ота жасағаннан кейін 4 ай өтпей тұрып келу керек болатын» деп ұрсалды», — дейді. Әжейдің қызы Әлия көмек қолын созады-ау деген үмітпен талай мекеменің табалдырығын тоздырған. Алайда көбі боз орнына сөз беріп, ешқандай жәрдем бермейті. Үй алу үшін қажетті кезекке де барып тұрған. Сол тізім бойынша Зурай апа 2019 жылдың қараша айында 879-ші болып кезекте тұрыпты. Шешесінің қам көңілін көтере алмаған қызы «Анам өз кезегі келгенін тоса алмай қала ма деп

қорқамын. Онсыз да өмірінің ақыры алты батпан азатта өтіп жатыр. Бір тарының қауызына сыйғандай қиналып жүргенімізді қайтерсін. Кейде тіпті ішетін тамақ таппай қалатынымыз бар. Жұтқа жаға жыртқызбай, әйтеуір күнелтіп жүрген жайымыз осы. Мына қазір тұрып жатқан жерімізде әжетхана ортақ. Әркез апамызды ертіп апарып отырамын. Кейде азын-аулақ азық-түлігін әкеліп көршілер, кенпейілді жандар көмектеседі. Бірақ осылайша қашанғы жүреді екенбіз?», — деп мұның шақты.

Шығыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінің мәліметіне сүйенсек, сот шешімінің орындальмауына айыпталушының дүние-мүлкі мен тұрақты табыс көзі болмауы есер еткен. Департамент өкілдері «Өскемен аудандық №2 бөлімінің басшысы аға-сот орындаушысы Е.Құдайбергеновтің мәліметі бойынша, Зурай Дакиеваға 1 730 736 теңге өндіріп беруге міндеттелген борышкер Мәдина Қалымбетоваға қатысты атқару құжаттары «Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 48-бабы 1-тармағы

жыл. Қазан айының соңғы күндері еді. Тамыз айының басында қазақ теледидарының жастар редакциясында редактор боп қызмет ете бастаған кезім. Бас редакторымыз — акын Жаппар Өмірбеков, аға редакторлар, қатардағы редакторлар — ақындар: Әбдікәрім Ахметов, Жақан Смаков, Саттар Сейітказин, Әли Мұсаханов, Дүйсенбек Қанатбаев, бас режиссер — Сапарғали Шәріпов, режиссер Әсмән Дүйімбаев... Міне, біз осы шығармашылық топ боп, әдеби-музыкалы хабарларды тікелей эфирге әзірлеп, құлшына тірлік етіп жүрдік. Ықылас-пейілі жарасқан сондай қызықты орта: Жаппар Өмірбеков — мінезі жібектей сызылған, жан баласына салқын қабақпен қарамайтын ізетті, қасиеті мол, көргенді кісі. Редакторлар мен режиссерлер әлмеғайып бір хабардан онық жіберіп жатса, сол жайды жай ғана ақыл-кеңес, ымырамен жөн-жөніне қойып, ешкімді ыңғайсыз күйге түсірмей, қиянатқа қимай, реттей салатыны жан сүйсіндіреді. Әбдікәрім Ахметов те — байыпты, салдарлы, жан-жағына шуақ таратып, жылы лебізбен үйіре сөйлейтін жүрегі нәзік жан. Саттар Сейітказин — мейлінше аңқау, ұмытшақ, не болса соған иланып, сене қоятын, сөзінің алды бар, арты жоқ, шашылып-төгіліп жүретін аңқылдақ, бала сияқты бір зілсіз бітім. Әлмеғайып жана өлең жаза қалса, оны бұрқыратып оқиды да «ол қалай?» деп мақтағанды жақсы көреді. Жақан Смаков — осы әріптестерінің бәріне еркелеп, әрқайсысына әзіл өлең шығарып, ішегімізді қатырады. Серілік әдеті де зипа бойына жараса кетеді. Арқаның әндері жайында сөз бола қалса, соңуо Біржан сал, Ақан сері заманынан бері қарай қым-қиғаш аңыз-әңгімелерді төгілте сөйлеп, ешкімге дес бермейді. Сөзінің аяғын өзінің елі Жанаарқаның өншілеріне тіреп, олардың ішінде Игілік Омаровтай әншіге ешбір әншіні теңгермейді. Ал, осының бәр-бәріне сын көзбен қарап, бұл да Жақан сияқты жеңіл әзілге бейім, орайлы жерінде бір күлкілі жайды жай ғана шым еткізеді, ішкі дүниесі тап-таза, мөп-мөлдір жан — акын Әли Мұсаханов. Осы жайсаңдардың әр қайсысы бір-бір тұлға, біріне-бірі ұқсамайтын бір-бір бітім, біліктілік, іскерлік, ой-өрісі, талант деңгейіне орай бірін-бірі толықтыратын,



бірін-бірі жоктатпайтын, жай сөзі, әзіл-оспағы, әрқилы оқыс мінезі, кейбір күлкі келтіретін әдет-дағдылары ғайыбынан үйлесіп жататын сондай ұйымшыл әріптестер ретінде басқа редакцияларға үлгілі боп, небір тамаша хабарларды тікелей эфирге шығарып отырады. Қазақ телерадио комитетінің төрағасы Кенжеболат Шалабаев біздің редакцияны аялап, әлпештеп, ардақтап, летучка-жиындарда біз жасаған хабарларды дәйім үлгі ғып, көтермелеп, шығармашылық ісімізге ерекше ықыласын төкті. Осы бір кезең — менің өмірімнің ең бір сәулелі, қызықты кезені болды. Ақын Саттар Сейітказин «Даниярдың әніне» сөз жазды. (*Кейін бұл әннің сөзін «Жамша» повесінің сюжеті бойынша өзім қайта жаздым — автор*), Әбдікәрім Ахметовтың кешегі өткен Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарын елестететін бір өлеңіне «Еске алу» (*орындаған Ескендір Хасанғалиев*) романсын, Жақан Смаковтың лирикалық өлеңіне «Қарашаш» әнін (*орындаған Өмірзақ Айтбаев*) жаздым. «Даниярдың әнінен» кейін іле-шала ақын Дүйсенбек Қанатбаевтың сөзіне «Түнгі серенада», кейін «Түнгі сыр» деп аталған әнім де дүниеге келді. Қазір өмірдің біраз өткелінен өтіп, сол күндерге сағынышты көңілмен ойлана қарап отырсам, қандай ғана ғажайып ортаға кез болғам?!

Осы ғазиз жандардың бірі — ақын Әли Мұсахановтың өлеңдері өзінің пәк жаратылған болмысындай шуақты лирикамен аялаушы еді. Енді Әли жөнінде көкейде жүрген бір сырды қозғап көрейін. Әли Мұсаханов орта бойлы, ақсары, қағылез, жұқа кісі. Көп сөйлемейді. Кейде кабинетте бөгде ешкім жоқта менімен сырласа қалса, Бетховеннің «Айлы сонатасын» жайлап қана сұрай береді. Бетховен сүйген Жульетта Гвиччардидің тұрақсыздығын кінәлап, тұнжырап, басын шайқап, күрсініп қояды. Бір кезде осы қалпынан селт етіп оянғандай қайта түзеліп: «Радиодан берілген новеллан бар ғой, соны Әнуарбек Байжанбаев керемет оқыды. Ол — «Айлы соната!». Осы новелланы телеспектакль ету керек», — дейді. Көңіл дітіндегі осы сөзін айтып, маған ой салғандай болады. Ақыры бір күні «Айлы соната» телеспектаклін жаздым, оны көркемдік кеңес жақсы қабылдап, Сапарғали Шәріпов теледидардан көрсетті. Бетховеннің рөлін Қазақстанның халық артисі Шақан Мусин, Жульеттаның рөлін Қазақстанның халық артисі Зәмзәгүл Шәріпова, Терезаның рөлін СССР халық артисі Қалиша Бөкеева ойнады. Спектакль мақталды. Сол күннен бастап, осы спектакльді өзі жазғандай қуанып, Әлі ерекше бір жылы сезіммен мені іштарта берді.

Бір жолы жұмыс аяғы еді, кабинетте екеуіміз ғана қалыппыз. Әлі қипақтап, маған көзінің астымен ұрлана қарап, бірдеме дегісі келді. Жайлап қана сөйледі: «Ана жолы (*Айтматовтың «Лениндік сыйлықты» алған бойда Алматыға келген сәті. 11-12 қазан айы — автор*) Шыңғыс Айтматов келгенде «Даниярдың әнінін» орындалуы есте қаларлық оқиға болды. «Жәмिला» повесі бойынша жазылған бұл ән... ән десем, одан терен роман па? Романс десем, жан-жүйенді тебірентіп, биік шырқалады, сонда не, ария ма?

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы

(Жалғасы 7-бетте)

(Басы 6-бетте)

Осы әнге Темірболат Шалабаев экстренний худсовет жасап, сол отырыста арнайы шақырылған Евгений Григорьевич Брусиловскийдің «ария» деп бағалағаны есімізден шыға қоймас. Қазір қырғыздардың өзі де айта бастапты бұл әнді. Мұндай дүниелер сирек жаратылады. Сонан кейін «Түнгі серенадаң» бар... сөзі өзіміздің Дүйсенбек Қанатбаевтікі. Осы өлеңі үшін-ақ Дүйсенбекті нағыз акын деуге болады... болады! Сөзбен сурет салды, ғажап! Дүйсенбектің бұл өлеңі мені қозғап жіберді», — деп ойлана тоқтады. Өмірі ашылып сөйлеспейтін бір тоға жан шешіліп кетті.

Мен үнсіз тыңдадым да отырдым.

Бұрышта тұрған кара пианиноның қақпағы ашық еді, ол мені өзіне тартқандай болды ма, мен орнымнан түрегеліп барып клавишын бір-екі рет түрттім де сол үнсіз күйі Әлиге қарадым. Ол да үнсіз.... сәлден соң Әли: «Әлгі Серенаданды», — деді. Мен «Серенаданы» әр жерінен үзіп-шалып, тұңғыық ойға бата бердім:

Мөлдірейсің тұнып жатқан көлдей боп,

Мұңасың нәрстедей сүйкімді, — деген екі жол мені толқытып жіберді. Айсыз түнде үміт сәулесін іздеген жандай әлденеге алаңмын. Түн, түн ғой, бұл... тынық түнде нені көргім келді... нені? О, тоба, көріп отырмын ғой... көріп. Бір ақ сәуле... терезе алдында отыр. Ұмсындырады. Сұқтандырады. Таңғалдырады. Әлгі сөзді іштей қайталаймын, бірақ ол естіді ме, естімеді ме? Сырттай ғана үздіктіреді. Сырттай ғана арбайды. Сырттай ғана ішқұста қылады. Сырттай ғана сұлулық періштесіндей көрінеді есімді алып.

Терезеден сыртқа қарап, ой құшағында тұрған Әли «ііім» деп жөтелді де маған бұрылып кеп: «Мына бір екі шумак... бар болғаны

Әли маған ойлана қарап, әлдене айтқысы келіп, бірақ, іштей іркіліп, сәл күлімсіреп кеп, оң жақ құлағын жүрегіме басады да жеңіл күрсініп, сол жымиған күйі ойланып, жөніне кете барады.

Бір күні концерттік студияда Суат Әбусейітов «Даниярдың әнін» жаздырды. Қасында отырып, әнді қайта-қайта тыңдадым. Жұмыс уақытының аяқталып қалған кезі еді, Ришад Абдуллин кіріп келді. Мені көре салып: «Илья, сен бір элегия жазыпсың, соны Бекен Жылысбаевтан естіп... жүрегіме қона



АҢСАДЫМ СЕНІ

(ЭССЕ)



осы», — деп тілдей қағазды пианиноның қақпағына қоя салды.

Үн-түнсіз оқи бастадым. Бірте-бірте ойнап отырған «Түнгі серенаданың» әуезі үзік-үзік боп әлсіреп, баяулап, зым-зия жоғала берді.

Мына өленді екінші рет қайталап оқығанда қайдағы бір ансамбль элегияның жүректі діріл қактырған әуезін ұстап алғандай асық көңілдің аһылаған- уһілеген лебін сездім. Өленнің әр сөзі моншақтай тізілген нота болып, әр клавишты ап-анық басқан саусағым еш кібіртіктемей, әлі де болса ыстық лебі басылмаған бұла сезімді ынтықтыра көтеріп, мен:

*Өзің ердім,
Жаз гүлін тердім,
Тотайда.
Алыстап менен,
Кетеді деген,
Жоқ ойда,* — деген жолдарды арман мұны етіп, «кетеді деген» сөзді екі рет қайталап, «жөк ойда» сөзін байсалды мінезбен ойлана толғап: «А-а-а-ай, сол жастық жақсы күнімдей, Хабарың кетті-ау білінбей» — деп сарыла сорғалатып, жырақтан елеңдеткен бұлдыр елес секілді бір бейнеге қадалдым да қалдым. Әли қасымда тұр. Бар-жоғы білінбейді. Үнсіз. Екінші шумак:

*Сені іздей бердім,
Бейнетін көрдім,
Әр ненің.
Таппақшы едім,
Жетпей жүр менің,
Дәрменім,* — дегізіп, Марио Ланцаның күйіп-жанған құштар лебіндей бір ыстық леп жалындай шарпып:

*«А-а-а-а-ай, қайдасың сәулем бармысың,
Өзің де мендей зармысың»* — деген жерде беймаза күйге түскен сезім әлегі еріксіз күрсіндірді. Үнсіз тынып, іштегі бұлқыныс басылғандай болды ма, сәл тыныс алып, қайта ширығып, екі шумакты тұтас айтып шықтым. Әли жүзі алаулап, екі көзі қызыл жиектеніп, қолы дір-дір етіп, алдымдағы өлеңге «Элегия» деген тақырып жазды. Сөйтті де қайтадан терезе алдына барып: — Элегия... элегия, — дей берді, күбірлеп, алыс... алыстап кетіпті... біздің сөз естілмейді, енді...

Екі көзім шексіздікке сарыла қадалып, қасымда тұрған Әлиді мүлде ұмытқан жанша, үнсіз мүлгіп: «Мына Әлекең не деп тұр... не деп? Көкейінде не бар? Нені айтты, жана? Алыстап кеткені кім?» — дедім, демімді ішке тартып. Әли ақсары жүзінде оймақтай ғана нұр ойнап: — Элегия... элегия — деп аркамнан қакты.

Кейін бұл «Элегия» теледидар мен радионың қызметкерлеріне екі-үш айдай ту-гу әңгіме боп, маған жөк жерде айтқызып, қолқалаумен болды. Сондай сәттерде

кеткені», — деді. Асығыс-үсігіс қол алыстық, амандастық.

Аң-таңмын. Бекенге біраздан бері жолыққам жоқ, ол кісі ол әнді қайдан, кімнен алған? Не дерімді білмей, дағдарып тұрғанда Ришад: «Ол тек мен үшін... мен үшін жазылған элегия! Нотасы қолыма тисінші, оны дәл осы студияда триомен жаздырам. Рояль, виолончель, скрипка... осы үш аспапка ансамбль үнім қосылады. Түсіндің бе? Бұл - ансамбль... капияда жоғалтып алған үмітін аңсау! Елегізген есіл жүректің ансамбль, білесің бе, сен, Илья, не жаздың, а? Сондай тебіреністі дүние», — деді.

Суат жымиып маған көзін қысып қойып: «Оу, Реке, оны малданбай-ақ қойыңыз, ол элегияны Бекен Бекенович сізден бұрын тез жаздыра салады», — деді, еркелеп сөйлейтін әдетімен.

Ришад мырс етіп: «Сөзін сөз-ақ, Суат, Бекен ақсақ қой, ақсақ... ол ағаш аяғын



Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ

сықырлатып студияға жеткенше қай заман... ән жаздыру маған түк те емес! Жақсы ән менен қашып құтылған жоқ, білесің, оны... әлгі элегияны Ильядан бүгін алсам, ертең-ақ жаздырамын. Сөйтемін... мына Меркен қатырады, бәрін. Дыбыс режиссерінің төресі, бұл! Ал, Илья, нотасын бер, — деді қоныр көзіне шуақты нұр тұна қалып.

— Беремін, Реке...
— Кешіктіреме! —
— Мақұл, Реке...

Осы әңгімеден кейін көп ұзаған жоқ әннің клавири қайта жасалды. Енді оны әншіге бере беруге болады. Бірақ, мен асықпадым. Ришад Абдуллиннің ойлы үні ойландырды да жүрді. Кейде бұл

TULGA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

элегия биік шыркатын тенорға ылайық боп көрінеді. Бекен Жылысбаевтың асқақ диапазоны елестейді. Онда Марио Ланцаның құштарлығы бар. Осы құбылыс қызықтырды, асықпадым. Көп бөгелдім. Екі оттың ортасында жүргендей болдым. Арада қанша жылдар өтсе де көз жазып қалған махаббатынан әлі де суынбаған, күдерін үзбеген отты жүректің әлекке түсуі бар дүниені ұмыттырғандай әлденеге елендеп, елегзіп, алаң боп, алысқа, тым алысқа көз тігіп, жылт еткен үміт сәулесін көргім келеді. Уақыт өте берді. Элегия қозғаусыз жатты.

Бір күні Мечникова-Шевченко көшесінің қиылысындағы ескі үйден көшіп, 11-микрорайоннан үй алдық. Осы бір көші-қон кезінде абыр-сабыр боп жүріп, біраз қағазымды жоғалтып алдым. Біраз ән сөзін қат-қат қағаздың қай жеріне тықтым, білмеймін. Соның ішінде Әли Мұсаханов жазған элегия бар. Оны Әлиден сұрауға ұялып, мысым құрыды. Әли кездескен сайын жымиып қана «Жалғыз қайығына» сөз жазған Еркеш Ибрагимдей болу қайда» деп шым еткізеді. Сөз осымен тынады. Элегияны сұрамайды. Әлеп сақтаған бір бекзат бітім. Бұл мінез екінің бірінде болса, қані! Осы бір элегиясымен-ақ мені өзіне табындырып қойды. Мен өрелі ақынға, еш пенделілігі жоқ бас талантқа кезіккендей, оның сыпа қасиетіне бек сүйініп, риза боп жүрдім. Ал, уақыт құрғыр өте берді. Бір күні жазмыштың суық хабары дір еткізді. Әли Мұсаханов дүниеден озды. Ең жақын адамым пәни жалғаннан жүзін үйірді, жүрегімді талықсытып. Қайран Әли, Әлекең!

Консерваториядағы сабақтардан қолым босап, шыға алмай, шырмалып жүргенім сол. Ал сенде бір «Элегия» бар, оның нотасын Ғалым Сүлейменов деген оқушым біледі екен. Ол бір жағы өзіңде редактор боп істейді. Маған ол әннің нотасын көрсетті. Бірақ, сөзін әлі ала алмапты. Ғалымды өзіңе жіберемін, сөзін жазып берерсін», — деді. Дәл осы жерде шынымды айтуға тура келді: «Бекен Бекенович, сөзіңіздің садағасы, сол «Элегияның» сөзін жоғалтып алып, таба алмай ділгір боп жүрмін. Толық жаттап та үлгірмеппін. Кейбір жолдары ғана есіме емес-емес түседі», — дедім. Сөзімді үнсіз тыңдап тұрған Бекен Жылысбаев: «Тап, оны! Бұл — бұйрық! Басқа біреуге беруші болма! Мен саған мынаны айтайын, Илья, Абайдың аудармасына жазған Мұқан Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» романын айтам, деп кезінде «Менмін» деген тенорлардың бәрі таласып бақты. Түптеп келгенде, ешқайсысы дұрыстап шығара алмады. Мен айттым! Мен! Радиода жазулы тұр, ол. Ал, «Огни коммунизма» кантатасы және бар, Мұқан Төлебаев жазған. Мұны да менен кейін кім айтып көрді, а? Сен бұл Жылысбаевпен ойнама, Илья, бір күні үйге кел, женгеннің ақбұйра шайын ішіп отырып, сол «Элегияны» көрейік» — деді. Ал, керек болса, құдай сактасын, бірі — атақты баритон, екіншісі — асқақ үнді тенор. Екеуі де осы «Элегияға» қадалады кеп.

«Элегияның» сөзі табылмады.



Жаннар ӨМІРБЕКОВ

Бірге қызмет еткен сол жылдарда Әлимен етене боп, шүйіркелесе алмаппын. Өзінің тегі, әу-заты, отбасы, бала-шағасынан мүлде хабарым жоқ. Жұмыста құдайдың құтты күні жүзесеміз, бірге боламыз. Бірақ, бір-бірімізбен аралас-құраласымыз болмапты. Иә, иә, «Элегия», осы ғана екеуімізге дәнекер.

Кезінде теледидарға келіп, өлендерін оқып жүрген үлкен ақындардың Әли жайында айтқан жақсы лебізін талай рет естідім. Ақын Қуандық Шаңғытбаев бір жолы теледидарда бір хабарға қатысқалы



Әбдікарім АХМЕТОВ

отырғанда: «Ә, Әли, кел, кел. Біздің мақтап, не өзін дәріптетіп, тыраштанып жүрген інілерімізден гөрі сенің «Нутрон *(ішкі дүние деген мағынаны айтып отыр-автор)*» богатый» деп сүйкімді жүзбен баурай күлімсіреді.

Тағы бірде Сырбай Мәуленовтің: «Біз бүгінде Еркеш пен Әлидің лиризміне түсе аламыз ба? Бұлар өлең мәдениетін биіктетті, мүлде басқа болмыс» деген сөзі әлі есімде. Ғафу Қайырбеков болса, ол өзінің сарт еткізіп, бетке айтатын қызу қанды қалпымен: «Осы Әли өленді сирек жазды. Сонысы дұрыс. Не болса соны өлең ғып бұрқыратып жүрген шіркіндердің ішінде бұл Әли Тютчев пе? Әлде Есенин бе, соларша жазады», — деді.

Енді баксам, Әлидің өлендері мен үшін бар құпиясын ішке бүккен тұңғыық бір әлем екен. Оның сырын мен әлі білмейді екем. Әлде бұл сәбилік ой ма? Қалай десен де бір ғана әлгі «Элегиясы», бір сөзінде ақау жоқ. Өзінің құрылысы да жай өлендерден өзгеше, әр жолынан әуез лебі еседі. Казак поэзиясында дәстүрлі өлең өлшемінде жоқ өлшем. Яғни жана! Осы жанашылдығы Абайға ұқсайды. Ғажап! Құйыла салған саф алтын. Еріксіз музыка жаздырады.

Күндер жылжып өтіп жатты. «Элегияның» сөзін еске түсіре алмай қойдым. Ол бір сарылтқан сары сана. Анда-санда Ришад Абдуллин: «Слушай, Илья, сен ұмыттын ба, берешексің маған. «Элегия қайда?» — деп мақпалдай жұмсақ қоныр үнімен кенкілеп тұрып күледі. Не дерімді білмеймін. Құтым қашады. Сөзінде тұрмайтын бәтуәсіз біреу секілді ынғайсызданам.

Бұл түрткі аз болғандай, бір күні Бекен Жылысбаев: «Илья, мен радиоға ән жаздырмағалы қай заман.

Жылдар жылжи берді. Кейде бас қосқан бір келісті жиындарда әрқилы әндерді айтып, солардың арасында «Сөзін жоғалтып алдым» деп «Элегияны» да әңдетіп қоям. Бір күні радиоға өлең оқуға келіп жүрген акын Жарасқан Әбдірәшев маған ойла-жөкта жолыға қалып, әй жоқ-шай жоқ: «Лаға, сізде бір «Элегия» бар екен. Оны маған Тиышбай Рахимов деген інініз пианинода ойнап беріп, иә, сөйтіп, осы әнге ғашық қып қойды. Сөзін жоғалтып алыпсыз. Тегі мен сіздің әндеріңізге қызығамын, бірақ шығармашылық байланысымыз жоқ. Кешірініз, буынсыз жерге пышақ ұрып тұрмын ба, білмеймін, мен сол «Элегияға» сөз жазсам қайттеді?» — деді, иіле сөйлеп. Мен келістім.

Радио мен теледидарға акын, жазушылар, композиторлар мен әншілер, артистердің көп келетіні белгілі. Олар әртүрлі хабарға түсіп, өлеңін оқып, әншілерге әнін орындатып дуылдасады да жүреді. Солардың ішінде акын Жарасқан да бар. Сол кездерде оның өз көңілін барласан, поэзияда оған теңдес ешкім жоқ. Осы сөзіне мәз боп күледі де: «Ақын біткеннің бәрі классик» дейді қызара елпілдеп. О, тоба... болмысы солай... шынында Жарасқан алғыр, алымды, шабыт қуаты мығым акын. Сөзімге тиетін ойлы өлендерін талай рет оқығам. «Мына элегияны қалай түсінер екен?» деп ойландым да жүрдім. Шылдаммен күттім. Ақыры тәңірдің бір сәтті күнінде Жарасқанның:

*Күндері жарқын,
Түндері алтын
Жаз қайда?
Кей уақта, жаным,
Бейуақта, жаным,
Жүрегің сенің
Сыздай ма?*

*А-а-а-ау,
Жаз қайда, жаным,
Жаз қайда?
Көруге қайтып
Жазбай ма?*

*Қоңыр күз келді.
Өмір біздерді
Шаршатты.*

*Шаршадым, жаным,
Аңсадым, жаным,
Соноу бір шақты...
Сол шақты.*

*А-а-а-ау,
Сол бір шақ қайда,
Сол бір шақ?
Тұмадай тұнық*

Мөлдір шақ! — деп аяқталған өлеңі осы элегияны жазуға шабыт берген акын Әли Мұсахановтың өлеңінің екінші түріндей боп әсер етті. Жарасқан менін жүрегімнің лүпілін беріле тыңдап, пернесін дәл басыпты. Ұзақ жылдар бойы жоғалтып алған ән сөзі тап өзі болмаса да осылайша қайта тірілді. Бір сөзіне қалам тигізбедім. Іле-шала біраз әнші-ішінде теноры, баритоны, колоратуралық сопранасы бар, бәр-бәрі менен «Элегияның» клавирын алып, концерттерде орындай бастады.

(Жалғасы бар)

Илья ЖАҚАНОВ,
опертанушы



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Құдай сізді ауыртпасын, ауырсаңыз бар ғой, арам қатасыз, ақшаңыз жок болса, ауруханада караусыз, дәлізде жатасыз. Сосын не істейсіз? Ернінзді тістейсіз, «арзан алады, ә?» деп тәуіптерді, дүмше молдаларды жағалайсыз, мұнда да адамдар кезекте, есігінен сығалайсыз. Менің де «грыжа» деген «досым» бар еді, сол «досыммен» хош айтысайыншы деген оймен, Шымкент қаласындағы атакты Айдар Көпбосынов деген молдаға

мұндай да ем болатынын енді көріп отырмын, ұяттан өртеніп, өзімше өліп отырмын. Молда тағы бір тепті.

енді бұл жерден тезірек кеткім келіп.
— Кіріпiгiнiзге суық тиіп, тырнағыныыз «жөтеліп» келмеген шығарсыз?
— «Грыжа» деген досым бар сияқты.
— Емдейміз. Ақшасын молырақ берсеңіз, бес күнде толық жазылып кетесіз!
«Бес күнде» дегенде бес күн бойы тебілетінім есіме түсіп:
— Ойбай! — деппін.
— Неменеге ойбайладыңыз?
— Тепкен жоксыз ба?
— Ол менің емдеу әдісім, — деген ол менің мойнымнан сипалап:



Зомбилер зәренді алады...

бардым.
Құдайа, мұнда да кезек. Түске таман кезегім келіп, «тезегімді теретін әйелдей» қуанып, алдымен «Не істеп жатыр екен?» деген дәрменсіз оймен есігінен сығаласам, алдымда ғана кіріп кеткен әйелдің белінен ұстап, сипалап, эротикалық әдіспен емдеп жатыр екен. Мені де солай сипалай ма екен? «Еркек екенімді есінен шығармайтын шығар?» деп ойлап қоямын. «Е, мейлі, сипаласа сипаласын, «грыжамнан» құтылсам болды» деген ой оң жағымнан да, сол жағымнан да шығып, маза бермеді. Бір кезде есіктен тағы сығаладым. Карасам, әлгі емші молда-сымақ әйелдің артқы жағынан келді де, майлы жерінен бір тепті! Анығырақ айтсам, құйрығынан. Ой, Аллаһ,

— Ойбай! — деп қалды әйел.
Тағы бір тепті.
— Ойбай...
Мұндай да зомби болады екен-ау? Анқау елге арамза молда деген осы! Әйелмен «Күйрық тебіс» сеансы біткен соң, күні бұрын құйрығымды сипалап, мен де кірейін. Теппей жатып, қайқан ете қаламын. Теппей жатып, қайқан ете қаламын.
— Не істеп жатырсыз? — деп сұрады молда.
— Ештеңе...
— Неге қайқаң-қайқаң етесіз?
— Жүрісім солай, — деп бір түрлі ыржалақтадым.
— Неге бір түрлі күлесіз?
— Күлісім солай...
— Қай жеріңіз ауырады?
— Бір жерім.
— Сонда қалай, бір жерім?
— Білмеймін... — дедім мен

«Сүф!» деді.
Шыдадым. Кеудемді сипалап: «Сүф!» деді, шыдадым. Сосын артымнан келді де, ыңк еткізе бір тепкенде, сол күйі есіктен ытып шығып, каша жөнелдім! Құдайа, бүйтіп емделгені құрысын!
Көршімнің әсерлі әңгімесіне ішек-сілем ката құлдім. Міне, осындай тепкіш молда Шымкентте өмір сүріп жатыр екен. Негізі, көршім осы емшіні әлеуметтік желі арқылы тауып алған екен, өзіне де обал жок! Бейне жарнаманың астына: «Омыртқа жарығын үй жағдайында емдеу», (*Лечение грыжи позвончника в домашних условиях*) деп жазып қойған соң, жетіп барған ғой! Ойпырмай, адамдардың осынша анқау болғаны ма?

(Авторлық құқы қорғалған.)

Мұхтар ШЕРІМ

БАҚЫНАҒЫ



МУСКУС CYBERTRUCK БОИЫНША 14 МЛН АСТАМ ТАБЫС ТАПҚАН

11/24/2019 pravila.kz Жаңалықтар, Test Drive.
Мускус тек 2 жылдан кейін босатуға уәде Cybertruck, бойынша 14 млн астам табыс тапқан
компаниясы «Tesla» Элон Маск ғана 2021 жылы өндірісті бастау жоспарланып отыр retrofuturistichy желімді Cybertruck үшін 14,6 миллион доллар алды. Бұл сома, компания әрбір \$ 100 аванстық төлем төлеуге дайын, ол

Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексі есерінен жүргізу үшін жазаның төрт нысандарын ұсынады:

- құқықтарын айыру:
- үш жыл жүргізуші мас болды, бірақ апатқа жасаған жоқ болса;
 - төрт жыл, мас Автомобилист іс-әрекеттері апат әкелді, егер;
 - осы мән-жайлар бойынша қозғалған адам, басқа көлік құралдары, егер бес жыл.

Қамауға және құқықтарын айыру:

- 15 күн және алты жыл өткен құқық бұзушылық 12 ай ішінде, мас күйінде ұсталды кім берген құқығы жоқ;

ЖОЛДАР ҚАЗАҚСТАНДА ЖАБЫЛДЫ ҚАНДАЙ

08/11/2019 pravila.kz Жаңалықтар,

тректердің Қазақстан шектеулі қозғалысы кейбір өңірлерде

трекке Noor Сұлтан туралы - Щучинск шектеу енгізді

Ақмола облысында байланысты тайғақ жол жағдайларына автомобиль жолдарының бірнеше секциялар бойынша қозғалысын шектеулі

БҰЗУШЫЛАРДАН ТӘРКІЛЕНГЕН АВТОМОБИЛЬДЕР

10/28/2019 pravila.kz Жаңалықтар,

бұзушылар мамырында Қазақстанға тәркілеуді автомобильдер үшін бастау

Қазақстан құқықтарынан айыру кейін жүргізуші үшін жауапкершілікті қатайту, сондай-ақ ықпалында қозғаушы үшін болады.

Бұл ішкі істер министрі Марат тері министрінің бірінші орынбасары мәлім етті, деп хабарлайды Tengrinews.kz.

АҚСАҚ АУДАРМА

Pravila.kz сайтының қазақ тілі бөліміндегі жаңалықтарды назарларыңызға ұсынып отырмыз. Jas qazaq газеті pravila.kz сайтына арнайы хат жолдап, орын алып отырған кемшілікті түсіндіруді сұраған еді. Алайда сайт басшылары жауап беруге асығар емес. Бұл мәселенің анық-қанығын Pravila.kz сайтынан жауап келген бойда жариялайтын боламыз.

ЖЫЛ ҚҰСЫ



Ителгі - жыл құсы



Қазақстан биоәртүрлілікті сақтау қауымдастығы Құстарды қорғау одағымен бірлесіп 2020 жылдың нышаны болатын құсты таңдады.

Дауыс беру нәтижесінде ителгі – Жыл нышаны аталды. Еліміздің «Қызыл кітабына» енген құс Маңғыстау мен Үстіртте, Сарыарқаның таулы өңірінде жиі ұшырасады. Алтай, Тянь-Шань тауларының етегінде қыстайды. Ителгі елімізде қорғауға алынған.

JAS QAZAQ
ГААБЕРЕНСЫ



Шымбұлақ



БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

МАҚСАТЫМЫЗ: АЙЫН ЖОЛЫМЫЗ АШЫҚ

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2191;

Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 25 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.